



● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ



Даланы түлеткен,

ауылына гүл еккен

Қазақстанның Еңбек Ері Борис Князев туралы сөз

Жандос
ЖҮСІПБЕК

Таяуда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан жерлесіміз Борис Князев «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының «Алтын Жұлдызы» мен «Отан» орденін алды. Даланы түлеткен, ауылына гүл екен, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға ерен үлес қосқан азамат марапаттардың төресіне ие болды. Бұл жетістік – оның ұзақ жылдар бойы жасаған табанды еңбегінің мәуесі.

Жақсы аты шыққан ердің жаман аты шықпаған

ауылы жайлы аз айтылып, кем жазылып жүрген жоқ. Б.Князевтің «Алтынсарино» шаруашылығы берекетті тірлігімен көпке үлгі болатыны шынымен де жасырын емес. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кезеңде, ауыл шаруашылығының іргесі сөгіле бастаған 90 жылдар шенінде тоқырау-араннан оның өз күшімен алып қалған жұрты-тын бұл.

Қамысты ауданына қарасты оймақтай елді мекенде қазіргі таңда 1800-ден астам адам немесе 320-ға жуық түтін бар. Жалпы бұл ауылдың құрылғанына биыл 60 жыл. Содан бері, бұзылуынан гөрі түзілуі басым бұл ауылда жыл сайын тек жаңа үйлердің іргетасы қалануда. Соңғы 10 жылда жиырмадан астам баспана бой көтерген. Бұл үрдіс жалғасын да таба бермек. Баспана

кезегінде тұрғандардың қатары көп. Тұрмысы бекем бұл жұртқа қоныс тебуші отбасылар қатары көбейе түсуінің себебі біреу: қос қолға күрек, бір шаңыраққа тамызық болар табыс бар. Табыс мол болғандықтан да ауылдықтардың әлеуметтік ахуалы тұрақты. Тұрғындардың жартысына жуығы шаруашылықта еңбек етеді. Борис Павловичтің өзі айтатындай, ауылдың айрандай ұюының басты факторы – тоқшылық. Осы жолында ол бар күшін салады. Ауылдастардың жем-шөбінің тоннасын небары бес мың теңгеге түсіріп береді. Әлеуметтік нысандар да түгендеулі, жүзік көзінен өткендей.

СУРЕТТЕ: Елбасының Борис Князевке 3-бет. награда тапсыру сәті.

Тұғыры биік ел салтанаты

Гүлназым
САҒИТОВА

Мемлекетіміздің ең ұлық мерекелерінің бірі – Тәуелсіздік күніне арналған салтанат «Мирас» мәдениет үйінде болып өтті. Салтанатқа жиналғандардың жүздері жарқын, қуанышты. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов шараға жиналғандарды ұлттық мерекемен құттықтады, жылы лебізін білдірді. Өткеніміз бен бүгінгімізге, келер жыл – 2016 жылы облысымызда атқарылатын жұмыстар мен жүзеге асырылатын жобалар туралы қысқаша шолу жасады.

Тәуелсіздік – халқымыздың бостандыққа, асқақ арманға ұмтылған, қайтпас қайсар рухының жемісі. Сондықтан да ата-баба аңсап өткен Тәуелсіздік

күні баршамыз үшін ең қастерлі де қасиетті күн. Еліміз өз тәуелсіздігін осыдан жиырма төрт жыл бұрын барша әлемге жариялап, дербес мемлекет ретінде та-

нылды. Тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Тәуелсіз мемлекетіміздің Президенті Н.Назарбаевтың басшылығымен осынша жылдар ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуымыз қарыштап алға басып, толайым табыстарға жетіп отыр. Жылдан жылға тәуелсіздігіміздің тұғыры нығайып, жаңа белестерге көтерілуде. Бүгінде еліміз әлем мемлекеттері қауымдастығымен терезесі тең болып, ықпалды мүшесіне айналды. Әлемдік дағдарыстың тұрақсыздығына қарамастан біз болашаққа сенім-

мен қарап, үміт артамыз. Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында мемлекетіміздің басты басымдықтары – өсім, реформалар мен даму айқындалды. Өңіріміздің экономикасы, өнеркәсібі, аграрлық әлеуеті қостанайлықтардың жағдайын жасауға, еліміздің экономикасына өз үлесін қосуға лайықты дамып отырғанын облыс әкімі жеткізді.

Содан кейін облыс әкімі Архимед Мұхамбетов Тәуелсіздік күніне орай ерен еңбектері еленіп, мемлекет наградаларына ие болған облысымыздың бір

топ азаматтарына лайықты марапаттарын табыстады. Өңіріміздің қырыққа жуыққа азаматы атап айтқанда, серіктестік, аудан басшылары, еңбеккерлер, дәрігерлер, педагогтар және тағы басқа мамандық иелері ордендермен, медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Солардың ішінде еліміздің ең жоғары наградасы – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына «Алтынсарино» ЖШС директоры Борис Князев ие болды. Оған марапатты Астанада Елбасының өзі тапсырды. Салтанат соңы мерекелік концертке ұласты.

Ұлттық мерекеге
арналдыГүлназым
САФИТОВА

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Салтанат Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан басталды. Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов ардагерлерді, профессорлық-оқытушылар құрамын, қызметкерлерді және курсанттарды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, оқу ордасының басшылығын, профессорлық-оқытушылар құрамымен қызметкерлерді ардагерлер және "Қазақстан заңгерлер одағы" республикалық қоғамдық бірлестігі Қостанай облыстық филиалының төрағасы Ербол Абдрахманов құттықтады.

Іс-шара барысында академия бастығы қызметкерлерді адал еңбектерімен қызметте көрсеткен жетістіктері үшін, Ішкі істер министрінің "Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін" медалімен, "Мінсіз қызметі үшін" І, ІІ, ІІІ дәрежелі медалімен, Құрмет грамотасымен марапаттады. Мерекелік салтанат соңы концертке ұласты.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Баспана мәселесін
бірлесіп шешедіКенже
ҚОНЫСБАЙ

"Бәйтерек" ұлттық холдингі" АҚ мен Қостанай облысының әкімдігі 2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік жалдамалы баспана бағыты бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасады. Аталған келісімге "Бәйтерек" холдингінің басқарма төрағасы Қуандық Бишімбаев пен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов қол қойды.

Келісім аясында, әлеуметтік жалдамалы баспана бағдарламасына қатысушылардың тұрғын үй проблемасын шешу, баспананың қолжетімділігін қамтамасыз ету, сонымен бірге бағдарлама аясында жобаларды жүзеге асыру шеңберінде ынтымақтастықты арттыру көзделген. Қол қойылған келісімге сәйкес облыс әкімдігі құрылыс нысандарына инженерлік желілер, коммуникациялар тартуға міндетті. Сонымен бірге баспанаға қажетті жер телімдерін бөліп, тұрғын үй кешендерінің аумағын көгалдандыру шараларын атқарады. Бұдан бөлек, жергілікті билік мұқтаж жан-дарға жалдамалы пәтерлерді үлестіруді қамтамасыз етеді.

Ал, "Бәйтерек" холдингі өз тарапынан әкімдік инженерлік желілер мен коммуникациялар тартып бол-

ғаннан кейін баспана жобасын қаржыландыруға көмектеседі. Бағдарлама аясында сапалы баспана құрылысына жәрдем береді, сонымен қатар әкімдік белгілеп берген тізім бойынша бағдарламаға қатысушылардың төлем қабілеттілігін уақытылы бағалауды қамтамасыз етеді.

Айта кету керек, Қазақстанда жалдамалы баспананы жүзеге асыру бағдарламасы биыл көктемде қолға алынған болатын. Бұл ретте "Бәйтерек" холдингі Қостанай облысында бағдарлама бойынша 4 тұрғын үй нысанын қолданысқа берді, онда жалпы аумағы 8,4 мың шаршы метрді құрайтын 126 пәтер орналасқан.

"Бытырғы жылы Елбасы қолжетімді баспана құрылысына қатысты қадамды қайта қарау туралы міндет жүктеген болатын. Осы арқылы азаматтарға арзан әрі сапалы баспана ұсынылуы қажет еді. Мұндай талаптың барлығы Үкімет қабылдаған бағдарлама аясында шешімін тауып отыр. Бүгінгі күні Қостанай облысында жалпы аумағы 5,5 мың шаршы метрді құрайтын 91 пәтер, яғни 3 нысан



қолданысқа берілді. Желтоқсанның соңына дейін тағы бір тұрғын үй нысанын қолданысқа беру жоспарланған", – деді Қ. Бишімбаев.

Үй құрылысы өуежай шағын ауданында және Герцен көшесінің бойында бой көтермек. Бұл 1800-дей қостанайлық отбасыларды баспана мұқтажығынан құтқарады. Жоба 2016-17 жылдары қолданысқа беріледі.

– Облыста демографиялық ахуалдың оңалуына орай тұрғын үй тапшылығы сезіледі. Әлеуметтік жалдамалы үйлер салу бағдарламасы қысқа мерзімде халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы, 2012 жылдан бері "Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі" АҚ арқылы 792 пәтер ел игіліне айналды, – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік наградалармен наградталған
тұлғалардың тізімі

"Парасат" орденімен

Ахметов Батырбек Мықансалықұлы – Қостанай облысы Алтынсарин ауданының әкімі.

"Құрмет" орденімен

Айтказин Марат Нұрғалиұлы – "АгроЦентр-Статус" ЖШС директоры, Қостанай облысының Қарабалық ауданы.

Исабаев Тәуба Қайыржанұлы – Қостанай облысы Қостанай ауданының әкімі.

Исмаилов Олжабай Жұмағалиұлы – "Геобайт-Инфо" ЖШС бас директоры, Қостанай қаласы.

Қанафин Ғизат Үксікбайұлы – "Забеловка" ЖШС директоры, Қостанай облысының Жітіқара ауданы.

Оспанов Төлөнді – "Агрофирма "Диевская" ЖШС атқарушы директоры, Қостанай облысының Әулиеқөл ауданы.

Сачко Александр Алексеевич – "Қостанай облыстық ауруханасы" КМК анестезиология-реанимация бөлімшесінің меңгерушісі, Қостанай қаласы.

Семейкин Владимир Иванович – "Тэра" ШҚ басшысы, "Инвент-плюс" Ғылыми-өндірістік кәсіпорынның директоры, Қостанай облысының Қостанай ауданы.

Тлеубаев Бахытжан Нәменұлы – "Нурай-Н" ЖШС директоры, Қостанай облысының Аманкелді ауданы.

III дәрежелі
"Еңбек Даңқы"
орденімен

Айнабаев Сағит Айтмағамбетұлы – "Восток-1" ЖШС механизаторы, Қостанай облысының Меңдіқара ауданы.

Капранчиков Николай Николаевич – "Әділет-Н" ЖШС механизаторы, Таран ауданы, Қостанай облысы

"Ерен еңбегі үшін"
медалімен

Айтмағамбетов Серік Канапияұлы – Қостанай облысы Қостанай ауданының Мәскеу ауылдық округінің әкімі.

Әубәкіров Дидар Әбілбекұлы – "Сосновый бор" Санаторий" ЖШС бас директоры, Қостанай облысының Алтынсарин ауданы.

Байғожин Самат Үйсенбайұлы – "Нұр Отан" партиясы" Рудный қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қостанай облысының Рудный қаласы.

Бойчук Валентина Ивановна – "Балдырған" балабақшасының директоры, Қостанай облысының Ұзынкөл ауданы.

Досболов Мақсұт Әлібекұлы – Қостанай облысы Рудный қаласы әкімінің орынбасары.

Қасенов Есенжол Қабиқенұлы – "Нұр-Жайлау НС" ЖШС директоры, Қостанай облысының Арқалық қаласы.

Кәрімов Ренат Кәрімұлы – "Таран ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Набережный орта мектебі" КММ дене шынықтыру мұғалімі, Қостанай облысының Таран ауданы.

Князев Павел Борисович – "Алтынсарин" ЖШС №3 бөлімшесінің басқарушысы, Қостанай облысының Қамысты ауданы.

Қосқолов Болат Халықұлы – "Коскулов Болат Халыкович" жеке кәсіпкерліктің басшысы, Қостанай облысының Жанкелдин ауданы.

Кригер Владимир Геннадьевич – "Максим-фирма" ЖШС директоры, Қостанай облысының Қарабалық ауданы.

Құдайқұлов Марат Жазитұлы – "Қарабатыр АФ" ЖШС директоры, Қостанай облысының Қамысты ауданы.

Оджахвердиев Мухтар Мамедович – "Оджахвердиев М.М." ШҚ басшысы, Қостанай облысының Науырзым ауданы.

Рахметов Байқуат Сағандықұлы – "Алакульское" ЖШС директоры, Қоста-

най облысының Денисов ауданы.

Сатаев Баймырза Хаербекұлы – "Сатаев Б.Х." ШҚ басшысы, Қостанай облысының Сарыкөл ауданы.

Шәріпова Сәния Сәлімғалиқызы – Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №1 мектеп-лицейінің директоры.

"Шапағат" медалімен

Молдағасимов Әділбек Әлімжанұлы – "Дене шынықтыру және спорт бөлімінің Жанкелдин аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" ММ жаттықтырушы-оқытушысы, Қостанай облысының Жанкелдин ауданы.

Ткаченко Евгений Николаевич – "Сарыкөл аудандық орталық ауруханасы" МКҚК бас дәрігердің орынбасары, анестезиолог-дәрігері, Қостанай облысының Сарыкөл ауданы.

Қазақстан
Республикасының
Құрмет грамотасымен

Әлмағанбетов Ерлан Кәкімұлы – Қостанай облысы Науырзым ауданы Раздольное ауылының әкімі.

Байменова Әсия Қожақызы – "Қостанай қалалық балалар ауруханасы" КМК бас дәрігері, Қостанай қаласы.

Голубев Владимир Владимирович – Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қарасу ОАА" КМК хирург-дәрігері, Қостанай облысының Қарасу ауданы.

Ёлкин Константин Владиславович – "Агрофирма "ПАРАСАТ" ЖШС директорының орынбасары, Қостанай облысының Алтынсарин ауданы.

Қойшығұлов Марат Байдаулетұлы – Қостанай облысының "Федоров ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшысы.

Нұржанова Майраш Тұрғынбайқызы – Үрпек ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Қостанай облысының Аманкелді ауданы

Огей Вера Владимировна – "Ұзынкөл №1 орта мектебі" КММ тарих және қоғамтану мұғалімі, Қостанай облысының Ұзынкөл ауданы.

Печникова Татьяна Ивановна – Қостанай облысының "Әулиеқөл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ басшысы.

Сағындықов Нұрлыбек Сағындықұлы – "Арқалық өңірлік ауруханасы" КМК дәріхана меңгерушісі, Қостанай облысының Арқалық қаласы.

ҚР Парламенті Сенатының
Құрмет грамотасымен

Күзембаев Мұратбек Баяханұлы – Науырзым аудандық мәслихатының депутаты, Дәмді ауылы орта мектебінің директоры.

Шалдыбаев Нақан – Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы.

Шерстобитова Татьяна Николаевна – Қостанай облыстық мәслихатының депутаты, "ССКӨБ" АҚ кәсіподақ комитетінің төрайымы.

Облыс әкімі Грамотасымен

Захарченко Валентина Ивановна – "Баспа үйі" ЖШС директоры.

Көшмырзина Айсұлу Рахметқызы – С.Мәуленов атындағы гимназияның ағылшын тілі мұғалімі.

Садуақасов Саматжан Фазылжанұлы – қалалық аурухананың анестезия және жансақтау бөлімшесінің меңгерушісі.

Көпеш Беген Қаженұлы – қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.

Лобанов Николай Александрович – "АБЗ плюс" ЖШС директоры.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ



Нұржан СӘДІРБАЙ

Мен, Нұржан Сәдірбай, тәуелсіздік құрдасымын. Жасыратыны жоқ, қасиетті де қастерлі "Тәуелсіз ел" деген ұғым бізге оңай жеткен жоқ. Ата-бабымыз бастап кеткен жолды еліміздің, жұртымыздың, ұлтымыздың жан-жақты дамуындағы жолды одан әрі жалғастыруымыз керек. Қазіргі ұрпақ Қазақстанның, яғни Елбасымыз айтып жүрген дамыған отыз елдің қатарына ену үшін барлық күшімізді аямауымыз керек. "Тәуелсіз" деген сөз мұрағат қойнауындағы қағаз беттерінен ғана емес, сондай-ақ мен қазақтың ұлымын, я қызымын дейтіндердің санасында әрқашан от болып лаулап тұрса.

Саян СЕЙІТОВА



Мен, Саян Тельманқызы Сейітова осы тәуелсіздіктің құрдасы болып келемін. Біздің еліміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген жетістіктерге жетті десек артық айтқандық емес. Оған дәлел ретінде дамыған елу елдің қатарына кірдік. Қазіргі таңда одан да озық отыз елдің қатарына кіруге талпыныс жасап жатырмыз. Алдағы уақытта, 2017 жылы халықаралық EXPO көрмесі ұйымдастырылмақ. Бұл көрменің де біздің мемлекетіміздің өз мәртебесін одан әрі жоғары көрсетіп, барша әлемге танытуға өз септігін тигізуде. Қазақстанның әр азаматы елінің дамуына үлесін қосуы керек.

Мен қазіргі күні Қостанай мемлекеттік университетінде, журналистика кафедрасында студенттерге білім берудемін. Сол студенттерді білімді, білікті, бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастырып, тәрбие беруге және өзінің елінің патриоты, жанашыры ретін-



де қалыптастыруға тәрбиелеп жатырмын.

Бүгінгі тәуелсіздігіміздің құрдасы ретінде, барша қазақстандықтарды мемлекетіміздің, еліміздің байлығы – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Тәуелсіздіктің құрдастарын біздің елімізді көркейтуге шақырамын.


Жансая ҚОЖАХМЕТОВА

Мен, Жансая Қожахметова, еліміздің төу етер жалғыз ие Тәуелсіздігімен құрдас болғанымды қашан да мақтан етемін. Өйткені елімізді бүгінгі таңда барлық ел таниды. Бұл біз үшін үлкен мақтаншы. Бүгінде мен де өзімнің кішкентай ғана жетістіктеріме жетіп жатырмын. Бала күнімнен армандаған журналистика мамандығын иелендім. Бүгінгі таңда, "Қазақстан-Қостанай" телеарнасында журналиспін, редактормын. Бұл да мен үшін кішкентай болса да жетістік болып табылады. Негізі, менің туған күнім 10-желтоқсан болса да, ата-анам туу туралы куәлігімді 16-желтоқсанда алған екен. Сол себепті де мен үшін бұл мереке өте бір атаулы күн. Өйткені себебі еліміз тәуелсіздігін тойлатып жатқанда мен де тәуілсіз елде туып жатқанымды мақтан тұтып, өзімнің екінші туған күнімді тойлаймын.

Барша Қазақстан халқын, Қазақстан тұрғындарын Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Еліміз аман болсын. Бейбіт аспанымыздың астында тек қана қалықтаған өн естілетін болсын.

Жұлдыз БЕРМАҒАНБЕТОВА

Мен, Жұлдыз Шәріпқызы Бермағанбетова 1991 жылы еліміз егемендігін алған жылы туғаным мақтанамын. Бала кезімізде Тәуелсіздікпен түйдей құрдас екенімізді ұғына бермейтінбіз. Ата-анамызбен туған-туыстарымыз "Азат елдің тұңғыш баласы", "Тәуелсіздік құрдасы" деп мадақтап жатқан кезде, оның байыбына бармайтынбыз. Мектеп босағасын аттап, оң мен солды тани бастаған кезде, бұл сөздердің түп-төркінін түсіндік.



Ел тағдыры - жастар қолында

Тәуелсіздіктің төл құрдасы болғанымды маңдайыма жазылған бақ деп білемін. Қатарластарым – әр салада табысты еңбек етіп жатқан жастар. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы "Болашақ – жастардың қолында" деген ұлағатты сөзін жиі айтады. Сол кемел келешекті жасайтындар – Тәуелсіздік құрдастары. Олардың кейбірі "Болашақ" бағдарламасы бойынша шет елде білім алып жатса, енді бірі "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы аясында елді мекендерді көркейтуде.

Біз Тәуелсіздікке дейінгі еліміздің бастан кешкендерін көрмедік, тек кітаптардан оқып, фильмдерден тамашалап, алдыңғы буынның өңгімесін тыңдап қана көз алдымызға елестете аламыз. Саралап, салыстырсақ, сол тұстағы Қазақ елі мен бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның айырмашылығы жер мен көктей. Егемендік бізге бақытты балалық шақты, алаңсыз оқушылық кезеңді, шаттыққа толы студенттік өмірді сыйлады. Біз қандай да бір қысымды, бостандықты шектеуді білмей өстік. Сол үшін де шүкіршілік етеміз. Бұл – Егемендіктің арқасы. Ендігі ретте "біз мемлекетке не бере аламыз?" деген сауалды қойып, еліміздің өркендеп, озық отыз елдің қатарына енуі үшін аянбауымыз керек. Баршаңызды айтулы мерекелеріңізбен құттықтаймын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әрқашан да жүзімізден күлкі кетпесін.

Мөлдір МҰСТАФИНА

Мен, Мөлдір Мұстафина тәуелсіз елдің құрдасы болғанымды мақтан тұтамын. Еліміз 1991 жылы тәуелсіздік алған жылы дүниеге келдім. 24 жыл ішінде еліміз айтарлықтай жетістіктерге жетті. Әлем танитын елдердің қатарына енді. Осының Елбасымыздың арқасы. Елбасымыздың тапсырмасы бойынша, Қазақстан қалаларында 20 зияткерлік мектептер ашылды. Бала кезгі мұғалім болсам деген арманым орындалып, жыл басынан бері Қостанай қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде оқытушы болып қызмет атқарамын. Жалғыз менің ғана емес, осында жұмыс істейтін өріптестерімнің жауапкершілігі зор.

Барша қазақстандықтарды тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Баршаңызға береке, ынтымақ тілеймін. Еліміз әрқашан биіктен көрініп жүре берсін.



Даланы түлеткен, ауылына гүл еккен



Мектеп-балабақшасы, спорттық мекемелер, мәдениет үйі мен мұражайы жөндеуден өткізілген. Бір сөз қайырғанда, абат ауылдың бақатты тірлігі көрген көзді тәтті етпей қоймайды.

Б.Князев өз шаруашылығының да болашағын ауылдастарымен байланыстырғандықтан, олардан аяйтын ештеңем жоқ дейді. Ақадал ас абыройлы еңбектің арқасы екенін айтады. Дала төсін емген егінші биыл да, егіс науқанының қиындығына қарамастан, маңдай терді ақтайтын өнім өсірді. Гектарына 12-15 центнерден астық алды. Өйткені берекені көктен емес, еткен еңбектен күтті. Шығымды шығынсыз жиыптерді. Мал шаруашылығын ман-

дытып отырғаны – тағы бір төбе өңгіме. Бүгіндері ет бағытындағы түлік басы екі мыңға жеткен. Оны еселей түсу – басты мақсаттарының бірі. Бақташыларына, өзге де материалдық көмектерді қоспағанда, 101 мың теңге жалақы төлеп отырғанын да айта кеткен жөн.

Князев – облыстағы әлеуетті меценаттардың бірі. Жалқы мысал – былтыр Торғайдағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің 150 жылдығына 2 млн. теңгенің телескобын сатып алып берді. Өзге де қоғамдық мұқтаждықтарға бейжай қарап көрмеген кеңпейіл жан. Еңбегімен ерен, болмысымен биік, азаматтығымен алып тұлға. Сол ерен, биік, алыптығынан болар – тұтас бір ауылға саясы түсіп тұр.

Әлібек ЫБЫРАЙ

Астанада "Қазақстанның үздік тауарлары" конкурс-көрмесінің лауреаттары марапатталды. Олардың ішінде қостанайлық кәсіпорындар да бар.

Мәселен, "Ең үздік азық-түлік тауары" аталымында жүлделі екінші орынды Қостанай ауданындағы "Аян-Озат" ЖШС иеленді. Кәсіпорын облыс тұрғындарына аса танымал "От Разумовича" тауар маркасымен саудаға шығарылып жүрген ет өнімдерін, шұжық және басқа да жартылай фабрикаттарды өндіреді.

– Байқау "Алтын Сапа" және "Парыз" сыйлықтарын тапсыру рәсімімен бір мезетте өткізілді. Оған Елбасы Н.Назарбаевтың өзі қатысты. Шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны көрініп тұр. Біз енді мұнымен шектеліп қалмаймыз, алдағы уақытта да тұтынушылардың сенімінен шығатын боламыз, – дейді "Аян-



Озат" ЖШС директоры Светлана Турук.

Естеріңізге сала кетейік, кәсіпорын өңірлік байқауда бірінші орынды жеңіп алған болатын. Өндіріс ошағының басшысы келешекте шығарылатын өнім көлемін ұлғайтамыз деп отыр. Фирма келесі жылы "Алтын Сапа" байқауына қатысуға ниетті. Сондай-ақ, "Алтын Сапа" бай-

қауының шеңберінде "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер Палатасының "Іскер" арнайы сыйлығын Рудныйдағы "Ақ барыс НК" кәсіпорыны еншіледі. Бұл сыйлықты ҰКП Төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев тапсырды. Үстіміздегі жылы Ұлттық Палата жоғарыда аталған байқауларға ұйымдастырушы ретінде тұңғыш рет қатысты.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

Алдағы
міндеттер
ауқымды

Ә.НАЙЗАБЕКОВ,
Рудный индустриялық
институтының ректоры

Қазақстан Республикасының Президенті 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан халқына кезекті Жолдауын арнады. 24 жылды артқа тастап, 25 жылға қадам басайын деп отырған тәуелсіз Қазақстанның жеткен жетістігі көңіл көншітерлік. Халықаралық рейтингтерге қарағанда әлем мемлекеттері арасында біздің еліміз бәсекелестік жөнінен 42-орынға, бизнесті өркендету бойынша 41-орынға табан тіреп отыр. Бұл үлкен көрсеткіш.

Алайда, болып жатқан әлемдік дағдарыс ел экономикасына салқындығын тигізіп жатқандығы жасырын емес. Осы орайда, Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, 1998-1999 жылдардағы, 2007-2009 жылдардағы дағдарыстарды, олардың салдарынан мұнайдың 1 барелі 10 долларға дейін құлдыраған кезде де еліміздің аяғынан тік тұрып, дамуын жалғастырғанын, түрлі қиыншылықтарды еңсергенін үлкен ыждаһатпен еске түсірді. Ағымдағы дағдарысты да бір ел болып бірігіп жеңетінімізге рух беріп, бойымызға сенім ұялатты. Оның нақты қадамы ретінде Елбасы еліміздің алдына үлкен 5 міндет қойды:

Біріншіден, қаржы жүйесін тұрақтандыру. Бұл міндеттің аясында ұлттық валюта теңгенің дәрежесін көтеру, оған деген халықтың сенімін қайта жандандыру. Елдегі қаржы қатынастарының өлшем бірлігі ретінде теңгенің рөлін көтеруге әрбір қазақстандықтың қатысуы маңызды деп белгіленді. Осы орайда, Ұлттық банктің қызметін жетілдіру, халықпен байланысын күшейту т.б. салалық өзгерістер пысықталды.

Екіншіден, бюджеттік шығыстарды жетілдіру. Ағымдағы дағдарыстың кесірінен биыл бюджет кірісі 20 пайызға қысқартылған. Онымен қоса салық түсімдері де азайған. Алдағы бюджет жоспарлары ықшамдалып, екшеленіп, тиімді етілмек. Сондай-ақ, "Самұрық Қазына" әл-ауқат қоры жүйесіндегі еншілес компанияларды қысқарту, өзге де компаниялар мен мекемелердің тиімді құрылымын жасақтау міндеті қойылды.

Үшіншіден, экономикалық өсімді қамтамасыз ету. Бұл жерде индустриалды-инновациялық даму саясаты жалғасын табатын болды. Сондай-ақ, мемлекеттік секторды жекешелендіру науқанын тиімді жүргізу, оған отандық және шетел кәсіпкерлерінің белсенді қатысуы маңызды деп есептелінді. Баса айтатын жайт, Елбасы отандық кәсіпкерлерге шетелдегі мүліктерді заңдастыру мәселесін ашық қойды. Олардың шетелдегі қаржы қорын отандық бизнеске тарту, инвестициялау, мемлекеттік секторды жекешелендіруге салу керектігін алға тартты.

Төртіншіден, инвестициялық климатты оңтайландыру. Бұл төңіректе Үкіметке арнайы жоспар құру, арнайы комиссия құру, бұл мәселемен арнайы адамдардың айналысу керектігін тапсырды. Әрине, инвестиция тарту индустриалды-инновациялық бағдарламаны іске асырудың кілті екендігі белгілі. Осыған орай, техникалық кадрлар даярлаудың жаңа сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету тапсырылды. Дамыған елдердің тәжірибелерін ескере отырып, мамандар даярлаудың арнайы орталығын құру қажеттігі тілге тиек етілді. Елбасы Жолдауының тың жаңалығының бірі – 2017 жылдан бастап кәсіптік техникалық білім деңгейі азаматтар үшін тегін, мемлекет есебінен қаржыландырылатын білім деңгейі болмақ. Бұл өз кезегінде жастардың жұмысшы мамандығын тегін алып, индустриалды аймақтарда қызмет етуге, жұмысшы мамандарға деген кадр тапшылығын еңсеруге көмектесетін болды.

Бесіншіден, белсенді әлеуметтік саясат. Әлемдік дағдарыстың уыты мемлекетке батып жатса да, мемлекет белсенді әлеуметтік саясатын жүргізетін болады. 2016 жылдың қаңтарынан бастап "Б" корпусының мемлекеттік қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға, денсаулық, білім және әлеуметтік қамсыздандыру саласының қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға жуық артатын болды.

Осы аталған 5 міндетті шынайы іске асыруға 7,5 триллион теңге қаражат көзделіп отыр. Елбасының дағдарысқа қарамастан көрсетіп отырған қамқорлығына алғыс білдіре отырып, Жолдауды жан-жақты түсіндіріп, насихаттауға Рудный индустриалды институты бар күш жігерін салатын болады.

Әркімге де қатысты

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты Жолдауын талқылаған актив отырысы өткізілді.

Активте қала әкімі Ф.Бекмұхамедовтың баяндамасы тыңдалды.

– Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылық етуімен біз сындарлы жылдардан сүрінбей өттік. Елбасы әр Жолдауында халықара-



лық ахуал, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты көреген болжамдар жасап, туындайтын мәселелерді шешу бойынша нақты тапсырмалар жүктейді. Биылғы Жолдау жаһандық өзгерістер тұсындағы Қазақстанның даму жоспары десек болады. Елбасы экономикалық өсім, қарқынды даму, реформаларды іске асыру бойынша міндетті межелерді белгілеп берді. Осындай ауқымды шаралар бұған дейін қабылданып, іске асырылып жатқан "Қазақстанның-2050" Стратегиясы, "100 нақты қадам" Ұлт жоспарымен үндесіп жатыр.

Мемлекетіміздің келешегі біздің әрқайсымыздың бағытымыз, істеп жатқан жұмысымыз, қабылдайтын шешімдерімізге тікелей байланысты. Жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлік субъек-

тілері, қоғам өкілдері баршамыз бірігіп, осы тапсырмалардың іске асырылуына бір кісідей үлес қосуымыз керек. Президенттің Жолдауда берген әрбір тапсырмасы – бұл барлық деңгейдегі басшыларға дербес жауапкершілік жүктейді. Олардың сапалы да уақытылы орындалуы, Мемлекет басшысы айтқанындай, өте қатаң бақылауда болмақ.

Біздің алдымызға байыпты да салмақты міндеттер қойылып отыр және біз оларды орындауға тиіспіз. Президентіміз атап көрсеткендей, жаһандық сынынан өту үшін, біз топтасуымыз және толерантты болуымыз қажет. Мен баршаңызды осыған үндеймін! – деді қала басшысы Фазиз Ерболатұлы.

Сондай-ақ, мінберге шыққан Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі Қонысбай Ағуанов, "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қалалық филиалының басшысы Бағдат Хасенов, қалалық Жастар бастамалары орталығының директоры Дархан Кикимовтар да ел өміріндегі маңызды құжаттың тиімділігін айта келе, жиналғандарды Елбасының жасампаз Жолдауын қолдауға шақырды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: Актив көріністері; қала әкімі Ф.Бекмұхамедов баяндама жасауда.

Болашаққа бекем бағдар



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 30 қарашадағы "Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты Қазақстан халқына Жолдауын кеңінен насихаттау үшін аудан әкімінің қаулысына сәйкес, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме, кәсіпорын басшылары ауыл тұрғындарымен кездесіп, түсінік жұмыстарын жалғастыруда.

Осы бағытта арнайы Шилі, Милісай ауылына барған аудандық мәслихаттың хатшысы Серік Нұрғазин, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Дастан Әбжамалов жергілікті халыққа биылғы Жолдаудың ерекшелігін егжей-тегжей

түсіндірді.

24 жыл уақыт ішінде Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде қалыптасқандығын тілге тиек еткен Серік Бағдаұлы: "Мемлекет қандай жағдайда да әлеуметтік міндеттемелерін уақытылы орындап, тарихымызды түгендеп, мәдениетімізді өркендетуге қол жеткізген шақта бюджет қызметкерлерінің жалақысы, әлеуметтік жәрдемақылар мен шәкіртақының орташа алғанда 30 пайызға дейін көбеюі халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне толық негіз болады", деп

сөзін түйіндеді.

– 5 институттық реформа бойынша "100 нақты қадам" Ұлт жоспары жүзеге асып жатқаны баршаңызға мәлім. Тәуелсіздік алған жылдардан бері 1700-ден астам білім беру ошағы салынса, оның үшеуі біздің ауданда бой көтерді. Сондай-ақ, бұл үш мектеп ең соңғы үлгідегі құралдармен толық жабдықталды. Сонымен қатар, мемлекет басшысы еңбек ете алатындарға мемлекеттік қолдау көрсете отырып, оқуға немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына қатысулары негізінде ұсынылатындығын айта келіп, бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды, 2017 жылдан бастап жаңа жоба – "Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім" бағдарламасы басталатынын жариялап, оның орындалуын Үкіметке тапсырды. Еліміздің игілігі үшін арналған ортақ іске баршамыз жұмылып, Елбасының Жолдауын жүзеге асыра отырып, белсене қатысуға шақырамын, – дейді Дастан Тыныштықұлы.

Ауыл тұрғындары Жолдауын қуаттап, мемлекетіміздің бірлігі мен ынтымағын сақтап отырған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа ұзақ ғұмыр тілеп, шексіз ризашылықтарын жеткізді.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.

ТӘУЕЛСІЗДІК-
ТУЫМЫЗ

Гүлзейнеп АХМЕТОВА,
Қостанай қалалық №3 емханасының
жоғары санатты отоларинголог дәрігері:

"Басты байлық —
ДЕНСАУЛЫҚ"

Өткенді еске алмай, бүгінгінің бағасын беру қиын. Сондықтан, еліміздегі денсаулық сақтау саласындағы өтпелі кезеңнің ең бір қиын жылдарына көз жүгіртіп көрелікші. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары денсаулық сақтау саласы да өте күрделі кезеңді бастан өткерді. Ол кез өте бір қиын жылдар еді. Сондықтан, елімізде сол уақыттары бұл салада қайда барып тірелетінімізді, неге қолымыз жететінін болжау қиын болды. Мен өзім сол жылдары Арқалықтағы аймақтық ауруханада отоларинголог дәрігер болып істедім. Еліміздегі тоқырауды Арқалық қаласының да қатты сезінгені рас. Ол кезде не жарық болмады, болғанның өзінде ауруханаларға 2-3 сағатқа ғана берілетін. Жалақы пәлен айлап берілмеді, әйтеуір азық-түлікті қарызға алып күнелтетінбіз. Қаншама дәрігерлер жұмыстарын тастап, басқа салаға, не саудаға кетіп жатты. Бірақ, өз басым қандай қиыншылық болса да қалаған мамандығымды тастап кете алмадым. Кейін 2001 жылы Қостанайдағы №3 емханаға ауыстым. Ол кездері мұнда да жағдай жақсы болған жоқ, себебі нарықтан енді ғана еңсемізді көтеріп келе жатқан тұс болатын. Мұнда да құрал-жабдықтар ескі, дәрі-дәрмек те жетпей жататын. Оның үстіне емханамыз ешқандай жөндеу көрмеген, еденге төселген линолеумдар жамау-жамау, кабинеттеріміз салқын болатын. Ал, 2009 жылы бәрі өзгерді, емханамызға бұрын соңды көрмеген күрделі жөндеу жүргізілді. Медициналық құрылғылар жаңартылды, үкіметтен бөлінетін тегін дәрі-дәрмек те жеткілікті. Бүгінде емханамызда сапалы медициналық қызмет көрсетуге барлық қолайлы жағдай жасалған деп ауыз толтырып айта аламыз. Бас дәрігеріміздің қолдауының арқасында медицина қызметкерлерінің жағдайы да жақсарды. Өз басым көз, құлақ, мұрын дәрігері ретінде жаңа жабдықтарға, соның ішінде бұрын көз көрмеген лор-комбайн



деген аппаратқа қол жеткіздім. Басқа да қажетті медициналық құрылғылардан да, дәрі-дәрмектен де проблема жоқ. Биылдың өзінде емханамыз 10 млн. теңгеге жаңадан құрал-жабдықтар алды. Жыл сайын қатарымыз жас мамандармен толығуда, осы жылдың өзінде онға жуық маман келді. Қазір сонау нарық жылдарымен салыстырғанда, жалғыз біздің емханада ғана емес, барлық денсаулық сақтау нысандарындағы бүгінгі жағдай жер мен

көктей десе де болады. Елбасымыздың "100 аурухана, 100 мектеп" бағдарламасы бойынша еліміздің бірқатар өңірлерінде бұрын түсімізге кірмейтін қазіргі заманға лайықталып салынған медициналық нысандар бой көтеріп, ел игілігіне қызмет көрсетуде. Тіпті, осы бағдарлама аясында біздің облысымызда да бес бірдей жаңа денсаулық нысаны бой көтерген болатын. Одан кейін де, "Саламатты Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде өңірдің елді мекендерінде дәрігерлік амбулаториялар салынды. Қазір медицина мамандарының Қазақстанның өзге өңірлерінен бөлек, алыс-жақын шетелдерде де білімдерін жетілдіруіне мол мүмкіндік берілуде. Әлемдік дағдарысқа да қарамастан біздің елімізде денсаулық пен білім саласына, барлық әлеуметтік салаға барынша көңіл бөлінуде. Сайып келгенде, осының бәрі егемендігіміздің, Президентіміздің салиқалы да көрегенді саясатының арқасы деп білемін. Сондықтан, тәуелсіздік — біздің ең басты құндылығымыз. Елбасы айтқандай, әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Барымызды, соның ішінде егемендігімізді бағалай білейік. Тәуелсіздік күні мейрамы қарсаңында барша халыққа, қостанайлықтарға, өзім қызмет ететін емхана ұжымына зор денсаулық, отбастарына амандық тілеймін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсыншы!

Ел абыройы асқақтай береді!

Алматыдағы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияны бітірген бір топ жастар 1993 жылы сол кездегі облыс басшылығының шақыртуымен Қостанайға келдік. Бұл еліміз енді-енді еңсе тіктеп жатқан кез еді. Ол кезде өзге ұлт өкілдерінің қарасы басым солтүстік өңірде қазақтың ұлт-аспаптар ансамблін құру айтуға ғана оңай көрінетін. Оған дейін Қостанайда бірде-бір ұлттық өнер ұжымы болмаған. Көп ұзамай Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның жанынан "Ақжелең" ансамблі құрылды.

Назымбек Молдахметов, Әлімжан Әбсадықов, Батырбек Байназаров, Лаура Шахметова, Нұрбек Тапалов тәрізді бір топ өнерлі жастар Тобыл төсін лезде думанға бөлеп әкетті. Ол да мінекей, жиырма үш жылға жуықтаған екен. Сол кезде жастары жиыр-

мадан енді асқан қыз-жігіттер, бүгінде қазақ мәдениеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан атпал азаматтарға айналды. "Ақжелең" ансамблі талай халықаралық байқауларда жеңімпаз атанғанын біле-сіздер. Жекелеген өнер шеберлері де мемлекеттік марапаттардан кенде қалған жоқ.

Жеке өз басым биылдың өзінде қос бірдей халықаралық додада топ жардым. Мен үшін елімнің намысын қорғаудан асқан бақыт жоқ. Осы күзде ғана Ресейдің Екатеринбург қаласында өткен "Берега Надежды" 49-шы халықаралық фестиваль-байқауынан 1-ші орынды жеңіп алдым.

Сол жолы ресейлік әділқазылардың алдында Ахмет Байтұрсынұлының "Аққұм" әні мен Балуан Шолақтың "Ғалия" әнін шырқап бердім.



Енді келесі жылы Ялтада өтетін "Грант Премий 2015-2016" финалдық сайысына әзірленіп жатырмыз. Қалай болғанда да Тәуелсіз еліміздің абыройы әрқашан асқақтай береді.

Манапбек КӘДІРОВ,
Е.Өмірзақов атындағы
облыстық филармонияның
әншісі.

Елбасы саясатының
жемісі

Биыл еліміз өз алдына дербес мемлекет атанғанына ширек ғасыр толды. Бұл ер жігіттің кемелді шағы. Қазақстан жылдан жылға қарыштап дамып келеді. Еліміздің экономикалық-әлеуметтік ахуалы тұрақты. Жаңа өндіріс ошақтары ашылып, жүздеген жұмыс орыны пайда болды. Мұның бәрі Елбасымыздың дара саясатының арқасы деп білемін өз басым.

Дәлелді алыстан іздемей-ақ қояйын, өзімнің "Диев" агрофирмасы" ЖШС облыстағы ірі шаруашылықтардың бірі. Жайқалтып егін де өсіреді, мыңғырған мал да бағады. Оны айта-сыз, баяғы төрт бөлімшесі де сол қалпы, басы бүтін сақталып қалды. Бүгінде біздің шаруашылықта 4 мың асылтұқымды қара мал, 1200 жылқы өсіріледі. Оның сыртында қой-ешкіміз тағы бар. Биыл осынша малға қажетті 1,5 жылдық шөп қорын жасап алдық.

Үстіміздегі жылы егіннен де төп-төуір өнім алдық. Барлығы 74 мың гектар алқапқа дән сіңіріп, соның әр гектарынан 12 центнерден сапалы астық жинадық. Ел ырыздығы жаман болған жоқ. Біздің агрофирмада еңбек ететін жұмысшылардың жалақысы ешқашан кешіктірілген емес. Бәрі де еңбегіне қарай төленеді. Ауылдағы ағайынның бірлігі бекем, бәрі өзара сыйластықты қастерлей біледі. Бүгінде ауылда 2500-дей адам тұрады. Ешкім де сыртқа көшкен жоқ, қайта "Диевке" келіп жатқандардың қарасы басым. Сондықтан кейінгі жылдары жаңа тұрғын үйлер көптеп бой көтеріп жатыр.

Бүгінгідей мереке күні мен баршаларыңызды құттықтаймын. Лайым, Тәуелсіздігіміз баянды болсын деп тілейік!

Төлөнді ОСПАНОВ,
"Диев" Агрофирмасы" ЖШС атқарушы директоры.
Әулікөл ауданы.

Бағалағанға
бақ
қонады

дүкендерде не керектің бәрі бар. Тек денің сау боп жұмыс істе, ақша тап. Қалғаны өз қолыңда. Тіпті, зауыт сал, өнім өндір. Мемлекет оған жәрдемін аямайды.

Менің шаруашылығымда 150 адам тұрақты еңбек етеді. Бәрі өз ісінің мамандары. Соңғы кезде серіктестік жаңа жұмысшылармен толықты. Көршілес Солтүстік Қазақстан облысынан, маңайдағы ауылдардан біздің ауылға көшіп келгендердің қарасы басымырақ.

Қысқасы, ел ішіндегі жағдай біраз жақсарды. Жұмыс істейтіндер ай сайын жалақысын үзбей алып отыр. Ауыл тұрғындарының бәрі дерлік мал ұстайды. Олардың жем-шөбін, отын-суын мезгілінде түсіріп береміз. Тіпті, мынаны қараңыз, осыдан он жыл бұрын біздің ауылда небәрі оншақты ғана көлік болатын болса, қазір әр үйде қос-қостан бар. Бұл бүгінгі жақсы өмірдің көрінісі емес пе?!

Әрине, биылғы ауа-райының қолайсыздығынан егіннің шығымы өте төмен болды. Әр гектарынан он центнерден ғана өнім алдық. Бірақ, уақыт мұнымен тоқтап қалмасы белгілі. Қазақ атам: "Қамдансаң, қапы қалмайсың" дегенді бекерге айтты дейсіз бе, келесі егіс науқанына ертерек қамданып, амандық болса, қамбаны алтын дөнге толтырамыз деген ойымыз бар.

Болат БЕРСУГІРОВ,
"Нива-Ұзынкөл" ЖШС
директоры.
Ұзынкөл ауданы.

● ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Алдымда отырған жасы 80-ге бел артқан "Алтын алқа" иегері Мәрзия Мырзағазыкелінінің мұңды жүзіне біразға дейін ойлана қарап қалыппын. Осыған дейін әртүрлі бас қосуларда, жиын-кештерде кездесіп қалып жүрсек те, бұл кісінің өмірге әкелген 9 ұлының ортасындағы жалғыз қызы Бақыткүлінің 1986 жылы 17-18 желтоқсан күндері Алматыда өткен бейбіт шеруге қатысқаны, сол үшін қуғын-сүргінге түскені туралы білмей келіппін. Себебі бұл кісілер көршілес Жанкелдин ауданында тұрып, сондағы "Еңбек" совхозында шопан болып жұмыс істеген болып шықты. Амандық-саулықтан арыға бармаған соң қайдан білейік, қызы Бақыткүлдің тағдырынан бейхабар болыппыз. Жақында естіп-білген соң Мәрзия апаймен арнайы сұхбаттасудың сәті түсті. Жайшылықта аузын ашса – жүрегі көрінетін апай көпке дейін өзіне-өзі келе алмай отырды.

Сонан соң барып, әңгімесін бастады.

сын бақылауға алдық. Ақылымызды айтып, көңілін бөліп, бойын сергітуге тырыстық. Содан 1988 жылы Қостанайдағы кооперативтік техникумға оқуға түсірдік. Оны бітірген соң совхозға келіп, қызметке тұрды. Бірақ бұл – аз күнгі алданышымыз екен. Қызымыздың денсаулығы күн санап сыр бере бастады. Көз алдымызда жүдеп-жадап кетті. Өзімен-өзі тұйықталып алды. Екі бүйрегі қайтадан бірдей істемей қалды. Жазған құлда жазық бар ма? Тағы да емдеттік. Ойға да, қырға да шауып, аман алып қалудың жолын іздестірдік. Бірақ дендеген дерт туралап келген ажалдың алдында дәрменсіз болып шықты. Содан не керек, 27 жасында бақиға аттанып кетті.

Әкесі және барлық бауырлары бәріміз оның қыршын қазасын аза тұтып, жыладық, сықтадық, жоқтадық. Оның қазасы, әсіресе әкесі екеуімізге қатты тиді. Сол уақытта бізге өмірдің еш мәні жоқтай көрінді. Тіріліктен түңілгендей болдық. Тоғыз ұлдың ортасындағы жылғыз қызымыздан айрылу қайдан оңай болсын. Бірақ, түптің түбінде өлгеннің соңынан өлмек жоқ деген ата-баба сөзінің растығына көзіміз жетті. Дегенмен, әлі күнге Бақыткүлім еске түссе тірі өліктің күйін кешемін. Былайғы жұрт қайдан білсін, жаны күйзелгеннің өзі біледі ғой. Сол сұмдық оқиғаға биыл 29 жыл толады екен ғой. Өтіп бара жатқан уақытты қалай тоқтатарсың... Обалы не керек, елде – Торғайда жүргенде аудан басшылары болсын, халқымыз болсын жылда 17-18 желтоқсан күндері Бақыткүлді еске алып, оның рухына тағзым ету жиындары үзбей өткізіліп тұрды. Оған қатысқан үлкендер Бақыткүлдің ұлтымның жоғын жоқтаған ерлігін айтып, жастарға үлгі етті.

Біз нарықтың алғашқы жылдарында Аманкелді ауданына көшіп келдік. Аудан орталығынан үй алып, шаруа қожалығын құрдық. Кейін оны балаларымыз жалғастырды. Өмірге әкелген он баламнан үш ұлым мен Бақыткүлім бақиға ерте аттанғанымен, алты ұлым аман-есен жүріп жатыр. Аманкелдіде, Торғайда – ауылда тұрады. Ішкі істер бөлімінде қызмет істейді. Кәсіпкерлікпен айналысады. Бәрі де мал малданып, жан жанданған. Отағасым Шопыр – Тұрған осыдан 5 жыл бұрын мүшелі – 73 жасында өмірден өтті. Екеуіміз түйдей құрдас едік. Соңғы демі үзілгенде маған: "Мәрзия, тірлікте ренжітсем, ғафу ет, мені Бақыткүлім шақырды ғой" деп оң қолымды ұстап, сыртынан сипап біраз жатты. Мен болсам көңілім босап, "Шөке, сен мені ешқашан ренжіткен емессің, қайта сені мен ренжіткен шығармын. Сондықтан сен көшір" деп маңдайынан сипадым. Жүзіне қарап едім, екі көзі ту сыртымнан өткендей көрінді. Бұрынғы үлкен кісілер "Өлетін адамның екі көзі жайнап кетеді" деуші еді. Сол рас екен. Бір кезде ол бетіме қадала қарап "Қош, Мәрзия, бақұл бол!" деп демі үзіліп кетті. Ал інім, сені әңгімем жалықтырып жіберген жоқ па? Адам үлкеніген соң ішіндегі шерін біреуге айтып, сыртқа шығарса, жеңілдеп қалады ғой", – деп Мәрзия апай көзі жасаурап маған қарады.

– Жоқ, апа, әңгімеңіз жалықтырмақ түгілі, тарта түсуде, – дедім.

– Ендеше мына жәйтті айта кеткенім жөн болар. Негізі торғайлық болғанымызбен, мен Аманкелдіде өстім. Бекқожа Алтынсарыұлы деген әкем мені бауырына басыпты. Себебі, ол кезде баласы болмапты. Содан туған әкем Сыздық мені Бекқожа ағасына "Құдай алдында сұраусыз" деп беріпті. Ал күйеуімнің әкесі Мырзағазы атам – кеңес дәуірінде ел басқарған ферма меңгерушісі болған бір сөзді кісі еді. Еңбегі еленіп, Ленин орденін алғанын жанкелдиндіктер жақсы біледі. Сол Мырзағазы атамның әкесі Иманберлі бабамыздың әйелі Қаршыға менің атам Күзекбайдың қызы екен. Ал Мырзағазы атам бертін келе "сүйек жаңғыртайық" деп мені жалғыз ұлы Тұрғанға 16 жасында құда түсіп айттырыпты. Бұдан біз жаман болған жоқпыз. Негізі үлкен кісілер біледі ғой. Жастардың бірін-бірі көрмей, білмей құдаласу арқылы үйленгені дұрыс-ау деймін. Біз өмірде "іща" дескен адамдар емеспіз. Иманберлі атамның әкесі Есенбай Кенесары ханның бас батырларының бірі болған. Шәкір батыр Түменұлының жалғыз ұлы екен. Өзің де білетін шығарсың Нысанбай

Шәкір батырдың ер ұрпағы

Немесе өмірі ерте үзілген "желтоқсаншы"
Бақыткүл Тұрғанқызы Мырзағазина туралы үзік сыр

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

– 1 –


– Қарағым, "Ер Төстік" ертегісін жақсы білетін шығарсың. Сондағы 9 ұлы бар Ер-назар ақсақалдың "Сегіз ұлым бір төбе, Ертөстігім бір төбе" дегені секілді құдай берген он баламыздың ортасындағы жалғыз қызым Бақыткүлімнің орны бір төбе еді. Қайтейін, ботам маңдайыма сыймай кетті ғой... Онда біз Көкалатта тұрамыз. Отағасым Тұрған – мінезге бай, өте жуас кісі-тін. Қақ-соқта шаруасы жоқ-тын. Қаннен-қаперсіз шаруамызды діттеп жүріп жатқанбыз. Бір күні кешкілік теледидардан Алматыда қазақ жастары бейбастақтық жасады деген хабарды естідік. Көп өтпей бізге "Қыздарың Бақыткүл Мырзағазина сол бейбастақтыққа белсене қатысып, Отанымызға қарсылық көрсетіпті" деген сұмдық хабар жетті. Төбемізден жай түскендей не істерімізді білмей қалдық. Мінезі де, аузы да ауыр, сабырлы күйеуім Шопыр (Тұрғанды жұрт Шопыр деп атайтын. Торғайдағы алғашқы шопырлардың бірі болғасын солай атап кеткен ғой) уайымдап, бұрынғыдан да тұнжырап отырып қалды. Мен қорыққанымнан "Бұл не сөз?" деп еңіреп жылап жібердім. Аупарткомнан ба, обкомнан келген бе – бір басшы қызметкер "Қыздарыңа дұрыс тәрбие бермегенсіңдер. Ол Торғай елінің атына кір келтіріп, бәрімізді жерге қаратты!" деп тұр беті былш етпей. Оған не дейік, не болып, не қойғанын өзіміз де білмейміз ғой. Содан суық хабар жеткізгендер келіп-кеткен соң ерлі-зайыпты екеуіміз бір-бірімізді сабырға шақырып, не де болса артын күтейік, десіп отырғанда күйеуімнің немере інісі, совхозымыздың директоры Тұрғанбек қайным Мұсағазин жүргізушісі ертпей, рульге өзі отырып, жеке келді. Шөкең екеуінің әкесі Иманберді деген кісіден бірге туған ғой. Аталарымыздың екеуінің аттары да ұқсас: Мырзағазы, Мұсағазы. Олардан туған Тұрған мен Тұрғанбектің де есімдері етене ғой. Үйге кіріп келгенде қайнымның жүзі өрт сөндіргендей түтігіп кеткенін көрдік. Ол бізге қарап:

– Аға, Мәрзия, болған іске болаттай болыңдар. Халқымыздың басына төнген бұл

да бір нәубет шығар, ақ-қарасы анықталар. Дұрысы аға, сен Алматыға тездетіп барып, не жағдай болғанын өз көзіңмен көріп кел, – деді.

Бауырдың аты – бауыр ғой. Қайным келесі күні өзінің УАЗ жеңіл машинасымен ағасын Арқалыққа апарып, ұшаққа отырғызып жіберді. Шөкең бірден Бақыткүл оқып жүрген Қазақтың Абай атындағы КазПИ-іне барады ғой. Барса ондағылар "Қызыңыз бір топ құрбыларымен алаңға шығып, Үкіметке қарсылық жасады. Жастарды үгіттеп, сөз сөйледі, кеше оны институттан шығардық. Қазір жатақханада жатыр. Тезірек алып кетіңіз" дейді. Содан жатақханаға барса, Бақыткүл талықсып жатыр екен. Полицейлер оларды алаңда ұстап алып, шаштарынан сүйреп, ұрып-соғып, бет-аузын, денесін көкала қойдай етіпті. Сапер күрекпен ұрған, одан жертөлеге апарып, еденге шалқаларынан жатқызып қойып төпкілеген. Онымен де қоймай қаланың сыртына апарып, ішкөйлектен басқа киімдерін сыпырып алып, ақ қар, көк мұзға етбеттерінен жатқызып, бір күн, бір түн азаптаған. Бұл азаптаудың салдарынан Бақыткүліміздің екі бүйрегі бірдей істемей қалған екен. Осы жайды әкесіне жылап отырып айтып берген.

Шөкең не істерін білмей дал болған. Айтқан сөзін ешкім тыңдамаған. Жандары ашудың орнына "Тез кетіңдер! Елдеріңе барыңдар, антұрғандар!" деп айғайлаған. Аамалдың жоқтығынан Шөкең қызымызды арқалап, автобусқа отырғызып, аэропортқа жеткізіп, ұшақпен Арқалыққа келген. Сол жерде Тұрғанбекке телефон соққан. Ол дереу Арқалыққа барып, ағасы мен қарындасын ауылға алып келеді. Сізге өтірік, маған шындық қызымды көргенде танымай қалдым. Өзгерген түріне көзім түскенде "Е, Алла тағала, мына қорлықты көрсеткенше мені алғаның жөн еді ғой" деп өкіре жылап, ұмтылғанда талып қалыппын. Қайным Тұрғанбек бетіме су сеуіп, есімді жиғызыпты. Бақыткүлім болса "Анашым, сені бұл халге келтірген мен ғой, сол үшін сен емес, мен өлуім керек" деп еңіреді. Оның бұл сөзін естігеннен кейін кілт қатайып, өзімді-өзім қолға алдым да: "Құлыным, олай деме, сен өлуге тиісті емессің!" дедім.



Күйеуім мен қайным да оған ақылдарын айтып, жік-жапар болды. Содан Бақыткүлді екі жыл емдеттік. Апармаған жеріміз жоқ. Дәрігерлерге де, халық емшілеріне де қараттық. Құлан-таза айығып кетпегенімен, өз бетінше жүріп-тұратын болды. Көпке дейін түнемелік үйде ұйықтап жатып, шошып оянатын. Біз Шөкең екеуіміз оны бір сәтте назарымыздан тыс қалдырмадық. Күндіз болсын, түнде бол-

жыраудың "Кенесары-Наурызбай" дастанында: Шәкір, Жәуке, Толыбай, Арғыннан шыққан үш батыр! – деген жолдар бар ғой. Шәкір атам – сол үшеудің бірі.

Батыр бабамыз екі жолдасы Жәуке, Толыбай үшеуі Ақжолтай Ағыбай батырмен бірге хан Кененің отбасын және Нысанбай жырауды елге аман-есен жеткізген ғой. Кекіліктауының басында қырғыздар өздерін қоршап, қамап тұрғанда хан Кене:

– Шәкір батыр, қайдасың?! Қане қолыңды жай, батамды берейін! Сен топты жарып шық! – деп айғай салыпты.

Хан Кененің күндей күркіреген аруақты дауысы қайрат берді ме екен, Шәкір атамиз бес қаруын оттай ойнатып, қырғыздың шебін тас-талқан етіп бұзып, Ағыбай батырлар хан Кененің отбасын қабат-қабат қоршаудан аман алып шығып, елге қарай ұзай беріпті.

Сонда Кенесары ханның:

– Жарайсың, Шәкір батырым! – деген зор дауысы көптің құлағына шалыныпты.

Шәкір атамиз қайтыс боларынан 40 күн бұрын ағайын-туысын жиып:

– Менің мойнымда жазықты-жазықсыз талай жас батырдың қаны бар. Әсіресе, хан Кененің соңына еріп, соғысқанда қырғыздың талай батырын жер жастандырдым. Қан жібермейді деуші еді. Ұрпағым бес атаға дейін жалғыз тамырланар. Тек бесінші атамда ұрпағым өсіп-өнер! – депті жүзі түнеріп.

Сол сөзі айна-қатесіз келіп отыр. Ол кісіден Есенбай жалғыз, одан Иманберлі жалғыз, одан Мырзағазы мен Мұсағазы, Мырзағазыдан Тұрған жалғыз, Мұсағазыдан Тұрғанбек жалғыз, бесінші атаға келгенде Тұрғаннан – 6 ұл, Тұрғанбектен – 5 ұл тарап, батыр әулеті өсе түскендей. Негізі сізге мұны айтпауым керек еді. Алла-тағала тіл-көзден сақтасын, Бақыткүлімнің бойындағы батырлық, батылдық қасиеттер – бабасы Шәкір атамиздан берілген ғой деп ойлаймын.

Қазір Шәкір ата басына белгі орнатылды. Көкалаттағы үлкен қорым "Шәкір там" аталады. "Шәкір там" – сол жердегі ел-жұртын рухымен желеп-жебеп жатқандай. Батырдың табанының ізі қалған сол топырақтан қаншама жақсы, жайсаң шықты?! Әсіресе, журналистер мен ақын-жазушылар көп. "Шәкір тамы" туралы ініміз Төлен Әбдіқұлы өзінің повестерінде әдемі жазды. Оның ел қорғаған батыр екенін халықтың есіне салды. Елі Шәкір батыр атамизды қалай ұмытпаса, қалай ұлықтаса – оның бесінші ұрпағы, "желтоқсаншы" Бақыткүл батырды да солай ұмытпайды, солай ұлықтайды! Ұмытуға тиіс емес! Енді бір сөз – Көкалат туралы. Бұл Көкалат – Шәкір батырдың көп жылдар жорықта мінген тұлпары екен. Батыр атамиз өте зор кісі болған ғой. Оны сол Көкалаты ғана көтереді екен. Көкалаты өлгенде атамиз оны өз қолымен арулап жерлетіп, қимай қиналыпты. Оңашада "Қайран, Көкалатым-ай, енді менің күнім не болар?" деп жылайды екен. Батырдың аты да – өзі сияқты ардақты ғой. Содан былай бұл маң Көкалат ауылы атанып кетіпті. Көкалат – киелі жер! – деп Мәрзия апай "ух" деп бір күрсінді.

– 2 –

Біз ішімізден "Бақыткүлдің батыр атануына тұрпаты келісті келген Мәрзия апамыздың да әсері бар-ау" деп түйдік. Себебі дана халқымыз "Ат – биеден, алып – анадан" туады деп бекер айтпаған ғой.

P.S. Апай бізге қызы Бақыткүлдің суреттерін айнала іздеп, тауып бере алмады. Тек бір суретін қолымызға ұстатты.

– Көп суреттерін Торғайда тұрғанда мектептер мен аудан орталығындағы музейлер, әкімдіктер мен жастар ұйымдары алып еді. Қайтарып алуды ойламаппыз. Күйзеліп, қан жұтып жүргенде есімізге келмепті. Алматыдағы "желтоқсаншы" болған құрбыларымен бірге түскен әдемі суреттері баршылық еді. Солардан айрылып қалып, енді бүгін дал болып жүрміз. Келесі жылы "Желтоқсан оқигасына – 30 жыл толса, Бақыткүлімнің туғанына – 50 жыл болады. Бауырлары оның сол мерейтойын аудандық әлде облыстық деңгейде атап өтіп, рухына арнайы құран бағыштатуды ойлап жүр. Алла тағала солардың осы ниетін қабыл етпей! Оларға туған інілерім Айтбай, Айтжан, Айтқұл, Қайырбай, Мұрат, екі Марат және Данияр қажылар тіл жәрдем, ақыл-кеңестерін берер деп ойлаймын. Көппен бітетін шаруа ғой, – деп Мәрзия апай бойын тіктеді.

Өмірге Бақыткүлдей батыр қызды әкелген ананың ақ тілегі қабыл болуға тиіс, – деп ойладық біз.

СУРЕТТЕРДЕ: Бақыткүл Тұрғанқызы Мырзағазина және анасы Мәрзия Мырзағазы-келіні мен әкесі Тұрған Мырзағазин.

● ӨМІР – ӨЗЕН

Атпал азамат егі

Биыл дүниеден озған Жағыпар Төлеубайұлы Ақбасовтың рухының алдында ерекше атап өтуді өзімнің азаматтық борышым деп есептеймін.

Жағыпар 1937 жылы 22 желтоқсанда, мен осы жылдың 7 желтоқсанында тудым, арамыз 15-ақ күн. Біліміміз де шамалас. Бірақ ол адам бойында болатын биіктік, тереңдік, кеңдік, іскерлік жағынан менен көп жоғары тұратын еді. Осы қасиеттерінің арқасында ол қызмет бабында дүркіретіп атын шығарды. Совет Одағының ең жоғары наградалары: Ленин, екі мәрте Еңбек Қызыл ту, Құрмет белгісі ордендерін алды.

Тарихқа үңіліп қарасаң тұлға болатын адамдардың өмірі оңай болмаған. Жағыпардың өмірі де соларға ұқсас, бесіктен белі шықпай жатып қатыгездік пен қиыншылыққа тап болған. Жағыпардың нағашысы Ихтиляпов Өмірзақ Бекділдаұлының айтуы бойынша, Ихтиляптан Бейділда, Бекділда, Әсия туады. Бекділда Өмірзақтың әкесі, Әсия Жағыпардың шешесі. Төлеубай Молдатайұлы Жағыпар туғаннан кейін "Халық жауы" деген жалған жала жабылып 10 жылға сотталып, Коми АССР-іне жіберіледі. Осы кезде Әсия кішкентай Жағыпарымен бірге шешесі Бал мен ағасы Бекділданың қолында болады. Төлеубай 1939 жылы түрмеден босап елге келеді. Бірақ Әсияға бармай, басқа әйелге үйленеді. Бұл кезде Әсияның ағасы Бекділда да жазықсыз жала жабылып, 10 жылға сотталып, Ирбит қаласына жіберіледі. Бекділданың үйінде шешесі Бал, әйелі Сақыш, Күләй, Ислам деген балаларымен және Әсия Жағыпармен сол үйде бірге тұрады. Әсия түрмедегі Төлеубайға тамақ апаруға кеткенде кішкентай әлі емшектегі Жағыпар Сақыштың емшегін еміп, Исламмен бірге ойнап, бір үйдің баласы болып өседі.

Бірақ ауыр да қиын болса да бұл күндер ұзаққа бармады. Бір күні шешесі Әдемішті ертіп Төлеубай келіп, енесі Балдың аяғына жығылып, Жағыпарды алып кетуге келгенін айтады. Сақыш пен Әсия қарсы болып, Жағыпарды бауырларына басып бермейді. Төлеубайдың енесі Бал, егер Жағыпарды бермесем, түрмедегі жалғыз ұлым Бекділдаға қарғыстары тие ме деп қорқып, ұлым аман-есен келсін деп Жағыпарды беріп жіберді. Әдеміш әже батасын беріп, жалғыз ұлының аман-есен жанұясына қосылуына тілектестігін білдіріп, Бал құдағиына рахметін айтып, Жағыпарды жетектеп алып кетеді. Бұл жағдай Әсияға ауыр тиіп, қайғыдан ауырып, көп ұзамай қайтыс болады. Ол кезде Әсия 31 жаста еді. Бірақ ақыры қайырлы болып, Балдың ұлы Бекділда жанұясына аман-есен оралады.

Жағыпардың әкесі Төлеубай Молдатаев 1913 жылы Мойылды өзенінің бойында Көрі көң деген жерде, кейін Бұйректал совхозы болды, Науырзым болысы, қазіргі Аманкелді ауданында туған. Шолақсайдан 5 орыс класын бітіріп, 1929 жылы Қостанайдың "Каз Коммуна" мектебін Илияс Омаровпен бірге бітіреді. Сырттай Ленинградтың қаржы институтының бухгалтер-экономист факультетіне түсіп, оны 1934 жылы бітіреді. Осы жылы Аманкелді аудандық тұтынушылар одағының бас бухгалтері болып тағайындалады. Содан бастап Төкең талай қызметтің

көрігін қыздырып, елге абыройы артты. Сонымен бірге ақындық қабілеті елге танылды. Оған себеп, 1932 жылғы аштықты бейнелеген "Өткеннің өткелдері" және "Дана Бике" поэмалары жарыққа шығып, елауыздан-ауызға жаттап айтып жүреді. Тарихпен, поэзиямен де айналысты. Ол кісінің шығарған өлеңдерін жинап, кітап қылып шығару ұрпақтарына аманат.

"Торғай шақырады" деген ашық Хатқа байланысты 1960 жылы Оразалы Қозыбаевпен бірге жаңа құрылғалы жатқан совхоздарды аралап, олардың экономикалық болашағын зерделеп, "Совхоздар рентабельді болады", – деген 300 беттік кітап шығарды. Оның үзінділері "Ленинский путь", "Коммунизм жолы" газеттерін де жарияланды.

Осындай текіден туған Жағыпардың басқаша болуы мүмкін емес еді.

Алдияр (Таз) атамиздың Қожамжар, Жанұзақ (Қарабалуан), Өмірзақ атты атақты ұлдары болған. Жағыпар Өмірзақ атамиздан тарайды. Өмірзақтан – Торғай, Ботақара, Шыныбек, Меңдібай. Меңдібайдан – Молдатай, Ақбас, Молдатайдан – Төлеубай, одан Жағыпар туады. 1945 жылға дейін Жағыпар аяулы әжесі Әдеміштің тәрбиесінде болады. Әжесі қайтыс болған соң Жағыпарды әкесінің немере ағасы Өмірғали бауырына салып алады.

Өмірғали Ақбасов 1908 жылы туған. Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін болған кісі. Ол кісі сауатты, оқыған-тоқығаны мол адам болған. Ауылдық кеңестің төрағасы, маслозаводтың директоры, колхоздың басқармасы, совхоз раб. кооптың төрағасы т.б қызметтер атқарған. Өмірғалидың әйелі Рахима Нұқтайқызы сауатты, өмір бойы бастауыш сыныптардың мұғалімі болды. Жағыпарды тәрбиелеп, ел танитын азамат болып өсуіне үлкен үлес қосқан адам. Жағыпардың алты баласының төртеуі Өмірғалиевтар болып жазылады, соңғы екеуі – Ақбасовтар.

Жағыпардың өмірдегі баспалдақтары қарапайым кеңес одағының азаматтарының бәрінің басынан өткен мектепте оқу, техникум, немесе жоғары оқу орнын бітіру, тағы солай жалғасып, өндіріске кіреді. Адамға таудай талап та, бармақтай бақ та бірден қонбайтыны белгілі. Еңбек барлық істің басы. Еңбек етсең емесің. Жағыпарда ойлаған мақсатына жеткізген еңбек, талмай іздену, алдына мақсат қоя білу.

Болатын іске бір зат себеп болатыны бар. 1960 жылдың 28-қаңтарында ЦК-ның "Правда" газетіне "Торғай шақырады" деген О.Қозыбаев бастаған Аманкелді аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінің үндеуі жарияланды. Онда ауданда 14 совхоз, оның 9-ы егін совхозы, 5-і қой совхозын ашуға мүмкіншілігіміз бар деп айтылған.

Сөйтіп, 1960 жылы "Дәмді" совхозы құрылды. Оның бас инженері болып Ақбасов Жағыпар тағайындалады. Бұрыннан техникадан тәжірибесі мол адамға бұл жұмыс ұнады.

Мәлік Жаркенов ағаның қызы Сәуле сол жылдарды еске алып былай дейді: "Әкем Дәмдідегі жеті жылдық мектептің директоры. Совхоздар ашылып, 1961 жылы Жағыпар аға Дәмді совхозына инженер болып келді. Үйі көшіп келгенше біздің үйде жатты. Жұмысқа бозала таңнан кетіп, кеш келеді. Біз Жағыпар ағаның жұмысқан



келуін асыға күтетінбіз. Біз деп отырғаным, үлкенді-кішілі бес баламыз. Машинадан түсіп үлгірместен "Жағыпар ағам келді", – деп алдынан шулап шығамыз. Жағыпар аға фуфайкасының екі жеңін байлап қарбыз өкеліп, бізге үлестіреді. Оған біз мәз боламыз.

Егін жинау аяқталған соң Дәмдіге Өмірғали ата мен Рахима әжемді көшіріп өкелді. Көп ұзамай Ақмаржан жеңгемді алып қашып өкеліп, той болып, қуанышқа кенелдік. Ақмаржан жеңгемізді сабырлы, салмақты, бауырмал мінезі үшін біз өте жақсы көрдік, сыйладық.

Жағыпар ағаның бір естен кетпес жақсылығын айта кетейін. 1962 жылы қаңтар айында күнде боран, қыс қатты болды. Дәмдіде дәрігер жоқ. Анамыз Бәдишаның аяғы ауыр, босанатын күні тақау болатын. Күн боран, апам толғата бастады. Аурухана Ушаков совхозында бар. Ол Дәмдіден 30 шақырым жерде. Жол жоқ. Жүгіріп Жағыпар ағаға бардық. Өп-сөтте Жағыпар аға жолды тазартуға бульдозерді алдына салып, ГАЗ-53 машинасына апамды отырғызып жіберді. Сол жолы інім Бейбіт дүниеге келді. Әкемнің Жағыпар ағаға айтқан алғысында шек болған жоқ.

1962 жылы Қайрат туды, 1963 жылы Рауза дүниеге келді. 1963 жылдың қаңтарында Жағыпар ағаны "Степняк" совхозына директор етіп тағайындады. Бұл кезде Жағыпар 25 жаста еді.

Совхоздың ол кезде аты бар да, заты жоқ. Ақ қар, көк мұз жамылған дала ғана. Совхоздың уақытша орталығын "Нарөлген" деген бөлімшеден аштық, – дейтін Жағыпар. Нарөлген "Бүйректал" совхозының бөлімшесі болатын, "Үштоғайды" "Коммунизм жолы" совхозынан алып берген. Осындай қиыр далада орнаған совхозда 9 жыл істеп, Жағыпар іскерлігінің, ұйымдастыру қабілетінің ерекшелігімен аянбай еңбек етіп, көпсалалы өндіріске айналдырды. Соның арқасында жергілікті халықтың алғыс-құрметіне бөленді. Айдалада қала тұрғызды. Айта берсеңіз шалғайда жатқан шаруашылыққа Жағыпар өкелген жаңалық дегеніңіз ұшан-теңіз еді.

Жағыпар төрге таласпайтын, өрге асықпайтын, кішілігінен кісілігі аңғарылып тұратын, біреу туралы сыртынан бөтен сөз айтпайтын, ойы қалай биік болса, жаны да сондай таза, жүрегі қандай кең болса, жаратылысы да сондай кіршіксіз жан еді.

Ол кісінің бір қасиеті еңбек десе ерінбейтін, тынымсыз, өзіне мазаң, өзіне де, өзгеге де талапшыл, әділ, намысқа берік еді.

Бірде маған, – "Биікте мәңгі отыратын адам жоқ. Ерте ме, кеш пе келетінің – сол халықтың ортасы. Сонда елдің бетіне тура қарап, халықтың кең құшағына кіріп кеткеннен артық бақыт жоқ. Жақсы адамның мына өмірдегі ең қымбаты – ел сенімі", – деп еді.

Қорыта айтқанда, ойы тұнық, сөзі ашық, еліне сыйлы, халқына құрметті Жағыпар, заман жаңарып, ұрпақ өзгеріп жатса да елдің есінен кетпейді.

Әкімбек қажы Қабденұлы.
Әулікөл ауданы.

Жансерік

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында қабырғалы істерге тұтқа болуға ұмтылған қазақ халқының мерейі бір асқақтады! Оның айбынын асырып, айдарынан жел естірген Біріккен Ұлттар Ұйымының сессиясы. Ғаламның сарабдал саясаткерлері бас түйістіріп, төрткүл дүниенің толғаулы мәселелері талқыға түсетін ең мәртебелі мінберінен Қазақ тілі тұңғыш рет жер шарын шарлап кетті. Оны мұндай дәрежеге жеткізіп, жаһанның жанарын БҰҰ-ның 70-ші сессиясына аудартқан Қазақ Елінің асыл перзенті, оның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! Бұл – бұрын-соңды Қазақ Елі тарихында болмаған жағдаят. Осы туралы Елбасының өзі былай дейді: «Біздің тіліміз дүниежүзіне естілсін, құлақтарына сіңсін деп ойладым. Әрі қарай жылжыта береміз. Мен әдейі солай жасадым. Сондықтан мен айтқаннан кейін менен кейінгі біздің басшылар солай сөйлейді деп сенемін!»

Елбасымыздың осынау сөзі ел ішіндегі ахуалға қандай түрткі салмақ, жиырма төрт жыл бойына не бітірдік деген сауалға жетелейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқындап берсе, «Тіл туралы» Заң мен «Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сол тіліміздің өркенін өсіретін құралдардың бірі ретінде мерзімді баспасөздің атқаратын рөліне айрықша көңіл бөлінген.

Олай болса, еліміздегі бүгінгі баспасөздің ахуалына, оның келешегіне қатысты пікірді ортаға салсақ деген ой келеді. Өйткені, мұның өзі дәл қазір мерзімдік басылымдарға жазылу науқаны кезінде айтылуы да, жазылуы да ауадай қажет болып тұр!

Еліміз өткен ғасырдың сонау 90-шы жылдары Егемендік алған кездері соған ең бірінші болып алақайлап қуанған да, бүкіл әлемге жар салған да менің әріптестерім еді. Сол бір аумалы-төкпелі кезеңдерде мемлекетшілдік сананы орнықтыруға, Қазақ Елінің өткен тарихын таразылауға, еліміздегі халықтар арасындағы ынтымақтастықты, ауызбірлікті нығайтуға бірден-бір үлес қосқан да ұлт басылымдары болатын!

Қоламан таны түрткілеген әлдекімдердің шылауында кетпей сабырлы да, салиқалы саясаттың қолдаушысы, қорғаушысы да ана тіліміздегі газеттер мен журналдар болды. Бұл – ақиқат. Ал, ақиқаттан айналып өте алмайсың.

Қазақ басылымдары ежелден отаншылдық, мемлекетшілдік, халықшылдық саясаттың құралы болған. Оны осы тұғырынан ешкім де тайдырған жоқ. Ол ежелден халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтауды өзінің басты мұраты етіп белгілеген.

Баспасөзге лайықты қолдау болмаған



жерде оның зардабы адам айтқысыз салдарға әкелерін дәл бүгін Украинадағы дағдарыс айқын көрсетіп отыр. Мен 2010 жылы желтоқсан айында Қазақстан Журналистер одағының ұйымдастырумен делегация құрамында Украинада болған едім. Осында өткен жиналыстың арасында әдеттегідей өзіміздің әріптестерімізді іздеп, редакцияларына баруды ойлағанмын. Алайда, бұл ойым іске аспады. Мемлекет қолдауында болады деп есептелген газет-журналдардың біразы жабылып, енді біразы тәуелсіз құрылтайшылардың қанатының астына кеткен екен... Киевтің «көсемдері» неден ұтылғанын соңыра бірақ білді. Олар бюджетке масыл болды деп өздерінің құлағы мен көзі болып отырған басылымдардан құтылғанша асықты. Осы пиғыл биліктің түбіне жетті. Мұның ыңғайы қалай болар екен деп аңысын аңдыған оппозиция тігерге тұяғы жоқ, ал бірақ шығырып тастаса алшысынан тұратын кәсіби журналистерді өз ыңғайларына алды да кетті... Мұның ақыры сүттей ұйып отырған газет-журнал редакцияларының берекесінің қашуына, соңы өндіріс тоқтап, газеттердің жабылуына әкеп соқты.

Қазір әлемдік – экономикалық дағдарыстың шарпуы тимеген ел кемде-кем шығар. Дағдарыстар болады, өтеді, кетеді. Ол заңды құбылыс. Өткен ғасырда оның небір атасы болған. Қатерлі, қиын замандар өткен. Солардың қай-қайсысы да кейінгі ұрпақ үшін тағылым түйерлік, сабақ аларлық еді.

Мәселен, өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың ахуалын еске алып көріңізші. Дағдарыс дегеннің көкесі сол кездері болмап па еді?! Біреу айтса сенбейсің, ал бірақ қым-қиғаш тіршіліктің тоқсан толғауын, толғатуын өз көзімізбен көрдік қой. Айлап жалақы ала алмай, жылдап қаламақы дегеннің не екенін білмей, тіпті, еңбек демалысы деген ұғымды ұмытып та күн көрген едік. Сөйтіп жүріп «Дәуір» баспасының қарызына газет шығарды, журнал бастырды. Ол өлара кезең еді. Өлара шақтағы патриотизм өршіл болады екен.

Ел іші де келер күннен үмітті еді. Қуана қарсы алып, арқадан қағып шығарып салатын.

Ал қазір ше? Газетке жазылу туралы шаруа айтсаң, бөтіңкесінің басына қарайтын бастықты көресің. Өзіңе ақыл айта бастайды. «Біз енді елді зорлай алмаймыз ғой, күштеудің заманы өткен...» деген сияқты әңгіме айтып жақауратады келіп. Біз айтамыз: «Сіз газетке жазыл деп қалың елге зорлық

қылмаңыз, ал бірақ ел ішінде газет-журнал – ел тағдырының, тарихының айнасы, оның жансерігі екенін айтып, түсінік жұмысын жүргізу парызыңыз» дейміз!

Қазір үстел басында отырған кейбір биші-гештер газет-журнал дегеннің заманы өтті ғой, интернет, әлеуметтік желілер бар емес пе деп өзіңе ақыл үйрете бастайды. Ол түсінікті шаруа. Ал бірақ шынайы ақпарат алудың көзі ретінде газеттер мен журналдар өзінің тарихи миссиясын өтеп болды дегендер қатты қателеседі. Себебі, мерзімді басылым атамыз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі».

Интернет туралы. Рас байланыстың, ақпарат беріп, ақпарат алудың заманауи форматына көшкеніміз дұрыс. Мұның артықшылықтары да бар. Сондықтан елімізде шығатын көптеген газет-журналдардың қосымша сайттары да жұмыс істейді. Бүгін басылып шыққан газет нөмірін сол заматта ту-у сонау Латын Америкасындағы бауырларымыз интернет арқылы үйінде оқи алады. Соған өзінің пікірін жазады. Әлеуметтік желілер ой еркіндігіне жол ашты. Бірақ әр нәрсенің де өз биігі, жетер мұраты болады ғой. Сондықтан да әлеуметтік желілерді пайдаланудың артықшылығы мен орны толмас кемшілікке де жетелеп отырғанын айтпасқа тағы болмайды.

Сөз қадірін, тіл табиғатын аса қадірлей білетін оқырман қауым әлеуметтік желілердегі сауатсыздықтың, сөз қолданыстағы, сөйлем құраудағы небір сорақылықтың орын алатындығына дабыл қағып, өзіміз жұмыс істеп жүрген газеттерде бір емес, бірнеше рет мақала жарияланғаны тағы бар. Ал осы орайда Газеттер мен журналдар қасиетті тіліміздің қадір-қасиетіне жетудің үлкен бір мектебі болып отыр десек қателеспеспіз!

Тоқсаныншы жылдары қоғамдық құрылыс өзгеруінің елең-алаңында, еліміздің ақпарат құралдары қайранда қалғандай күй кешкені ақиқат. Міне, сол кездері Елбасымыз мерзімді басылымдарды ұдайы қолдаудың үлгісін көрсетті, шын жанашырлық танытты. Сөйтіп, нарықтың ноқтасында жетеленіп тұңғыыққа батып бара жатқан газеттер мен журналдарды қаржыландырудың көзін қарастырды. Бүгінде Тәуелсіздігіміздің толғаулы мәселелеріне белсене үлес қосып, білек сыбана жұмыс істеп жатқандар да Елбасы қолдаған басылымдар.

Мақаламызда сөз орайы келгенде дағдарыстар болады, өтеді, кетеді дедік. Сол дағдарыстарды желеу етіп орныққан ұжымдардың жұмыс үрдісіне кедергі келтіру, соңынан орын толмас өкінішке әкелерін кейбір әкім-қаралар әлі де түсінбейтіні өкінішті-ақ. Жеке-шелендірудің жөні осы екен деп қолда бар құндылықтар құралынан айырылып қалып, «ah!» ұрмағанын қалар едік. Газетті жабу, редакцияны тарату айтуға ғана жеңіл.

Баспасөз ұлт санасын қалыптастыратын тұтқа. Оны қоғамдық ойдың мінбері деп білгеніміз жөн. Қазір ғаламды дүниеқоңыздық пен тоғышарлық пиғыл меңдеген шақта отаншылдық, мемлекетшілдік сезімді, патриоттық рухты көтеретін бірден-бір алып машина – бұқаралық ақпарат құралдары деп білуіміз керек. Сондықтан оның рөлін лайықты бағалап, қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасау – парыз.

Қазақ мемлекетінің құрылуына өлшеусіз үлес қосып, қаз тұрып қадам басуына тілеулес көңілмен қызмет етіп келе жатқан баспасөзге шын жанашырлық таныту қоғам мүшелерінің міндеті. Келер жылдың басылымдарына жазылу – біздің әрқайсымыздың Ұлы мерекеміз – Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тартқан тартуымыз болсын!

Ұлт басылымына жазылғаның – қазір Алаш жұртында қолға алынып жатқан ұлан-ғайыр шараларды қолдағаның. Өйткені, ол дәл қазіргі қым-қуыт тірлігіміздің айнасы, оқырман атаулының жалғыз таянышы – Жансерігі!

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның Бас директоры, Редакторлар кеңесінің төрағасы.



22 желтоқсан, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Таңдау". 10.50 "Сырғалым". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Көңілашар. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.05 Спорт. 17.30 Жаңалықтар. 18.15 Д.ф. "Бейбітшілік жаршысы". 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Таңдау". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 Көңілашар. 0.05 Жаңалықтар. 0.55 Әйел бақыты.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 "Сотқа жеткізбей". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Көршілер". 13.00 Жаңалықтар. 13.20 "Семейные мелодрамы". 14.10 "Второе дыхание". 15.00 Но-

Апталық телебағдарлама

вости. 15.10 Жігіт сұлтаны. 16.00 Жаңалықтар. 17.15 "След". 18.00 Тағдыр жолы. 18.30 Т.х. "Сүйген жарым". 19.20 Т.х. "Бәсеке". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.15 Көзқарас. 23.45 Арнайы Хабар. 0.20 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 Алдаспан. 10.00 Новости. 10.35 "Мама-детектив". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Заң аймағы. 12.05 Третий тайм. 12.30 ДамаФон. 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Сырғалым". 15.00 Келбет. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 Білгіштер бекеті. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Регион10. 18.30 Новости. 18.55 "Үй болу қиын". 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Эврика! 21.00 Новости. 21.35 "Мама-детектив". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 23.35 Келбет. 0.00 Жаңалықтар.

23 желтоқсан, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Таңдау". 10.50 "Сырғалым". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Көңілашар. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Келбет. 17.30 Жаңалықтар. 17.55 "Арылу". 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Таңдау". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 Көңілашар. 0.05 Жаңалықтар. 0.55 Әйел бақыты.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 "Сотқа жеткізбей". 11.45 Магия кухни. 12.25 "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Семейные мелодрамы". 14.05 "Второе дыхание". 15.00 Новости. 15.10 Ойжүйрік. 16.15 Біздің үй. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 "След". 18.00 Тур де Хабар. 18.30 "Сүйген жарым". 19.20 "Бәсеке". 20.00 Жаңалықтар.

20.30 Сильные духом. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.15 Көзқарас. 23.50 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 "Қазақстан 2050". 10.00 Новости. 10.35 "Мама-детектив". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Бірінші студия. 12.05 М.с. 12.30 Новости. 14.00 "Сырғалым". 15.00 Келбет. 15.30 М.с. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 Білгіштер бекеті. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Интонация. 18.30 Новости. 18.55 "Үй болу қиын". 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Элегиялық эсселер. 21.00 Новости. 21.35 "Мама-детектив". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 23.35 Келбет. 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 "Сырты бүтін".

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 "Сырты бүтін". 8.00 Новости. 9.00 "Ғажайып отбасы". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Мадхубала". 13.00 "Әлия". 14.15 Открытая студия. 15.00 "Ловушка". 16.10 "Ғажайып отбасы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Мадхубала". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ловушка". 22.10 "Ұрланған тағдыр". 23.15 "Әлия". 0.15 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 8.30 Другими глазами. 9.00 Қайырлы таң. 10.00 Культпоход. 10.25 "Дискавери Атлас". 11.30. Өмір жолы. 12.05 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00. Культпоход. 14.15 Воинские искусства Великой степи. 15.00 "Көзайым қала" 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Дискавери Атлас". 18.05 Наш Казахстан. 19.30 Атақасп. 21.00 Первые. 22.05 Культпоход. 22.15 "За фасадом". 22.40 "Өз

елім". 0.00 "Көзайым қала".

НТК

8.00 Күлкі базар. 8.40 Екі езу. 9.00 "Шурочка". 10.05 "Универ". 10.45 "Интерны". 11.20 "Метод "Орыстар". 12.00 Однажды в России. 13.00 М.с. 16.45 Күлкі ойнақ. 17.30 Ревю. 19.00 Однажды в России. 19.40 "Метод "Орыстар". 20.20 Ревю. 20.40 "Универ". 21.20 "Интерны". 22.00 "Закон каменных джунглей". 0.00 Х.ф. "Хан-на. Совершенное оружие".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 Смеяться разрешается. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 "Шалғайдағы оқиға". 13.00 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Фото надкументы". 17.30 "Игра навывлет". 18.30 "Побег из аула". 19.10 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Шалғайдағы оқиға". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

НТК

8.00 Күлкі базар. 8.40 Екі езу. 9.00 "Шурочка". 10.05 "Универ". 10.45 "Интерны". 11.20 "Метод "Орыстар". 12.00 Однажды в России. 13.00 М.с. 16.45 Күлкі ойнақ. 17.30 Ревю. 19.00 Однажды в России. 19.40 "Метод "Орыстар". 20.20 Ревю. 20.40 "Универ". 21.20 "Интерны". 22.00 "Закон каменных джунглей". 0.00 Х.ф. "Пегас против химеры".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 Смеяться разрешается. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 "Шалғайдағы оқиға". 13.00 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Улыбнись, когда плачут звезды". 17.30 "Игра навывлет". 18.30 "Побег из аула". 19.10 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Шалғайдағы оқиға". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

НТК

8.00 Күлкі базар. 8.40 Екі езу. 9.30 "Шурочка". 10.05 "Универ". 10.45 "Интерны". 11.20 "Метод "Орыстар". 12.00 Однажды в России. 13.00 М.с. 16.45 Күлкі ойнақ. 17.30 Ревю. 19.00 Однажды в России. 19.40 Комеди Клуб. 20.20 Ревю. 20.40 "Универ". 21.20 "Интерны". 22.00 "Закон каменных джунглей". 0.00 Х.ф. "Хэллбой: герой из пекла".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 Смеяться разрешается. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 "Шалғайдағы оқиға". 13.00 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Сюрприз". 17.30 "Игра навывлет". 18.30 "Побег из аула". 19.10 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Шалғайдағы оқиға". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Информбюро. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Бәйбіше-тоқал". 10.00 "Человек-приманка". 11.00 "Ералаш". 13.00 М.ф. 14.00 "Күйеу бала". 15.00 "Бәйбіше-тоқал". 16.00 "Папины дочки". 18.00 "Как я стал русским". 19.00 "Дом-весы 2". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 22.00 "Сен келерсің". 23.00 "Күйеу бала". 00.00 "Дом-весы 2". 1.00 Х.ф. "Мой пёс Скип". 3.00 Х.ф. "Могучий ветер".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Брат за брата". 14.00 Дело №. 14.10 Солнечная кухня. 14.30 Тәуелсіз елдің тұлғалары. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Тайны нашего кино. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Өмір тынысы. 20.00 РТН. 20.30 Винтаж. 21.10 "Брат за брата". 22.00 РТН. 22.30 Тайны нашего

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Информбюро. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Бәйбіше-тоқал". 10.00 "Человек-приманка". 11.00 "Ералаш". 13.00 М.ф. 14.00 "Күйеу бала". 15.00 "Бәйбіше-тоқал". 16.00 "Папины дочки". 18.00 "Как я стал русским". 19.00 "Дом-весы 2". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 22.00 "Сен келерсің". 23.00 "Күйеу бала". 00.00 "Дом-весы 2". 1.00 Х.ф. "Мошеники". 3.00 Х.ф. "Мысли о свободе".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Группа здоровья. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Брат за брата". 14.00 Винтаж. 14.30 Тәуелсіз елдің тұлғалары. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Тайны нашего кино. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 "7 передача". 21.00 "Брат за брата". 22.00 РТН. 22.30

кино. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Легавый". 12.00 X FACTOR. 12.10 "Сүйген жар". 13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 "Победный ветер, ясный день". 15.30 "Судебные истории". 16.30 Давай поженимся. 17.45 Пусть говорят. 18.55 "Мой близкий враг". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.25 P@utina. 23.50 X FACTOR. 0.00 Время. 0.40 "Все сначала".

КТК

7.20 "Қарадайы". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Махаббат пен ешпенділік". 10.00 "Деревенский роман". 12.00 Новости. 12.35 Главная редакция. 13.20 "Шеф". 15.20 "Не ври мне". 16.30 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұны". 19.00 "Махаббатта шек бар ма?" 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Диагноз. 22.15 "Деревенский роман". 0.00 "Шеф".

Тайны нашего кино. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Легавый". 12.00 X FACTOR. 12.10 "Сүйген жар". 13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 "Победный ветер, ясный день". 15.30 "Судебные истории". 16.30 Давай поженимся. 17.45 Пусть говорят. 18.55 "Мой близкий враг". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.25 P@utina. 23.50 X FACTOR. 0.00 Время. 0.40 "Все сначала".

КТК

7.20 "Қарадайы". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Махаббат пен ешпенділік". 10.00 "Деревенский роман". 12.00 Новости. 12.35 Диагноз. 13.15 "Шеф". 15.20 "Не ври мне". 16.30 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұны". 19.00 "Махаббатта шек бар ма?" 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Черный квадрат. 22.15 "Деревенский роман". 0.00 "Шеф".

нашего кино. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Территория происшествий. 0.10 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Легавый". 12.00 X FACTOR. 12.10 "Сүйген жар". 13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 "Победный ветер, ясный день". 15.30 "Судебные истории". 16.30 Давай поженимся. 17.45 Пусть говорят. 18.55 "Мой близкий враг". 20.00 Новости. 20.40 "Сүйген жар". 21.40 Жаңалықтар. 22.20 "Джодха және Акбар". 23.25 P@utina. 23.50 X FACTOR. 0.00 Время. 0.40 "Все сначала".

КТК

7.20 "Қарадайы". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Махаббат пен ешпенділік". 10.00 "Деревенский роман". 12.00 Новости. 12.40 Черный квадрат. 13.20 "Шеф-2". 15.20 "Не ври мне". 16.30 "Тағдырмен тартыс". 18.30 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 "Деревенский роман". 0.35 "Шеф-2".

24 желтоқсан, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Таңдау". 10.50 "Сырғалым". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Көңілашар. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 "Арылу". 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Түбі бір түркілер. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Таңдау". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.30 Көңілашар. 0.05 Жаңалықтар. 0.55 Әйел бақыты.

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 "Сотқа жеткізбей". 11.45 Магия кухни. 12.20 "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Семейные мелодрамы". 14.00 "Второе дыхание". 15.00 Новости. 15.10 Аймақтар алааманы. 16.15 Біздің үй. 17.00 Жаңалықтар. 17.15 "След". 18.00 Тур де Хабар. 18.30 "Сүйген

жарым". 19.20 "Бәсеке". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Сильные духом. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.15 Көзқарас. 23.50 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 Регион10. 10.00 Новости. 10.35 "Мама-детектив". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Первая студия. 12.00 М.с. 12.30 Бойтұмар. 13.00 Жаңалықтар. 13.30 Новости. 14.00 "Сырғалым". 15.00 Келбет. 15.30 М.ф. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 Білгіштер бекеті. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Третий тайм. 18.30 Новости. 18.55 "Үй болу қиын". 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.35 Параллели. 21.00 Новости. 21.35 "Мама-детектив". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 23.30 Магия природы. 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 "Сырты бүтін".

8.00 Новости. 9.00 "Ғажайып отбасы". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Мадхубала". 13.00 "Әлия". 14.30 Такси. 15.00 "Ловушка". 16.10 "Ғажайып отбасы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Мадхубала". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ловушка". 22.10 "Ұрланған тағдыр". 23.15 "Әлия". 0.15 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 8.30 Другими глазами. 10.10 Би әлемі. 10.25 "Дискавери Атлас". 11.30 Өмір жолы. 12.05 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 "Культпоход. 13.30 Портреты заговорили. 14.30 Әдебиет әлемі. 15.00 "Көзайым қала". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Дискавери Атлас". 18.00 Бүгінгі ғылым. 19.05 Тайны и судьбы великих казахов. 19.30 Кітапхана. 20.30 Жасампаз ғылым". 21.05 Ұлы дала батырлары. 21.35 Воинские искусства Великой степи. 22.00 Культпоход. 22.10 Ер Жәнібектің 300 жылдығына арналған патриоттық өн кеші. 0.00 "Көзайым қала".

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.30 "Сырты бүтін". 8.00 Новости. 9.00 "Ғажайып отбасы". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Мадхубала". 13.00 "Әлия". 14.30 Такси. 15.00 "Ловушка". 16.10 "Ғажайып отбасы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Мадхубала". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ловушка". 22.10 "Ұрланған тағдыр". 23.15 "Әлия". 0.15 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Қайырлы таң. 8.30 Другими глазами. 10.30 "Дискавери Атлас". 11.30 Өмір жолы. 12.05 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Казахфильм: вчера, сегодня, завтра. 13.30 "Первые". 14.20 Тайны Великой степи. 15.00 "Көзайым қала". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Дискавери Атлас". 18.05 Эйнштейн ізімен. 19.20 Әдебиет әлемі. 21.00 Наше кино. 22.00 Өмір жолы. 22.30 К.ф.

"Фанфан-тюльпан". 0.10 Қазақстан би әлемі.

НТК

8.00 Күлкі базар. 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.30 "Шурочка". 10.05 "Универ". 10.45 "Интерны". 11.20 Однажды в России. 12.20 М.с. 16.45 Күлкі ойнақ. 17.30 Ревю. 19.00 Х.ф. "Перси Джексон и похититель молний". 21.40 Х.ф. "Хэллбой-2: золотая армия". 0.30 Х.ф. "Снайпер-2".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Сайқымазақтар. Жасырын камера. 8.30 Күнбастар. 9.00 Смеяться разрешается. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 "Шалғайдағы оқиға". 13.00 "Үзілген жапырақтар". 15.00 Страсти у плиты. 15.30 Человек-невидимка. 16.30 Измайловский парк. 19.00 Айна онлайн. 19.10 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Шалғайдағы оқиға". 22.00 Мисс Чувство юмора. 23.00 Х.ф. "Анжелика, маркиза ангелов". 1.10

Выжить любой ценой.

31 АРНА

6.00 Әзіл студио. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 "Бәйбіше-тоқал". 10.00 "Поворот наоборот". 12.00 "Ералаш". 13.00 М.ф. 14.00 "Күйеу бала". 15.00 "Бәйбіше-тоқал". 16.00 "Папины дочки". 18.00 "Как я стал русским". 19.00 "Дом-весы 2". 20.00 Информбюро. 21.00 "Сүйген сұлу". 22.00 "Сен келерсің". 23.00 "Күйеу бала". 00.00 "Дом-весы 2". 1.00 Х.ф. "Настоящее преступление". 3.00 Х.ф. "Настоящий канкун".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 ПроАгро. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 К

26 желтоқсан, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

8.00 Концерт. 8.35 Агробизнес. 9.00 Сөнбілік таң. 10.05 Дауа. 10.35 Қазақстан дауысы. 12.45 Ас болсын! 13.30 Әзіл әлемі. 15.20 Концерт. 17.00 Т.х. "Қара шаңырақ". 19.30 Жаңалықтар. 20.05 Үздік өндер. 21.00 Дара жол. 22.35 Қ. Нұртас концертті. 1.00 Жаңалықтар. 1.40 К.ф. "Сахна жұлдызы".

ХАБАР

7.00 Тамаша. 8.45 Бармысың, бауырым? 9.30 Продвопрос. 9.55 Д.ф. "Воины мира". 10.20 Мен - чемпион. 10.50 М.ф. 12.20 Сказка "Братец и сестрица". 13.30 Орталық Хабар. 14.40 Жеті ән. 16.05 Әмір сабақтары. 16.40 Х.ф. "Синдбад и Ми-

нотавр". 18.35 Ду-думан. 19.45 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Напролом". 0.20 "Жаным".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.30 М.с. 9.00 Новости. 9.35 К.ф. "Біржан сал". 12.00 Телетриптих "00.00". 13.05 Керемет ондық. 14.00 "Құс қанат ғұмыр". 17.00 "Парыз". 18.00 "530:630". 18.30 Т.с. "Фаворский". 19.30 Элегиялық эсселер. 20.00 Полиглот: тіл - тұғыр! 20.30 Ажар. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Т.с. "Убить Сталина". 23.35 "Парыз".

АСТАНА

8.00 Новости. 9.00 М.ф. 9.40 Суперпапа. 10.20 М.ф. 11.00 "Мадхубала". 12.30 Оливье-шоу 2011. 15.25 Х.ф. "Ромео и Джульетта".

17.25 Сырласу. 18.05 Ел аузында. 18.30 "Мадхубала". 20.30 "20:30". 21.20 "Өзекті". 21.30 Концерт. 22.45 Х.ф. "Любовь с препятствиями". 1.05 Т.х. "Эфирде".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Тарих тылсымы. 8.45 Кемел кеңістік. 9.30 Ұлы даланың құпиялары. 10.45 Золотая середина. 11.30 Ғасырлар пернесі. 12.10 Әмір жолы. 12.45 Х.ф. "Барбаросса". 14.55 Концерт. 16.20 Жансарай. 17.35 Ұлы дала батырлары. 18.00 "Байтерек". 18.40 Х.ф. "Волчонок среди людей". 20.25 Концерт. 22.15 К.ф. "Ғажайып балалық шағым". 0.25 "Миссия Х".

НТК

7.40 Караоке-киллер. 8.40 Екі езу. 9.00 Х.ф. "Перси Джексон и

похититель молний". 11.40 М.ф. 18.30 Караоке-киллер. 19.30 Екі езу. 20.20 Одинажды в России. 21.00 Х.ф. "Робокоп". 23.40 Х.ф. "Без компромиссов".

7 АРНА

9.10 Орел и решка. 10.00 Страсти у плиты. 10.40 Смеяться разрешается. 12.00 Шай ішейік. 13.00 К.ф. "Мистер және миссис Ханна". 15.00 Концерт. 18.00 Айна онлайн. 19.00 ТОЙLIKE. 20.00 "История одного отката". 22.30 Моя история. 23.00 Бокс. 0.00 Х.ф. "Анжелика, маркиза ангелов".

31 АРНА

6.00 Әзіл студио. 7.00 Информбюро. 8.00 "Сүйген сұлу". 9.00 Х.ф. "Три золотых волоса". 11.00 "Готовим с Адель". 11.30 "Ералаш". 12.30

К.ф. "Көк салқын". 14.30 "Фартовые деньги". 15.00 М.ф. "Синдбад - легенда семи морей". 17.00 Х.ф. "Дрянные девочки". 19.00 Фильм-концерт. 22.00 "Сүйген сұлу". 00.00 Х.ф. "Джек Ричер". 3.00 Х.ф. "Невидимый цирк".

АЛАУ

7.30 М.ф. 8.20 Жаңалықтар. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 10.00 Маленькие путешествия по большому краю. 10.20 Денсаулық. 10.50 Группа здоровья. 11.10 Кино клуб. 12.00 Г.Видин. Отшельник. 14.00 "Қыздар-ай". 16.00 ПроАгро. 16.30 Әмір тынысы. 17.00 "7 передача". 17.30 Жұлдыз-топ. 18.30 Әмір тынысы. 19.00 Қылмыстық іс №. 19.30 Baby Гид. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Виттаж. 21.30 Солнечная кухня. 22.00 Неизведанный Казахстан. 22.30 Ә. Бейсеуовке арналған кеш. 0.00 Панорама недели.

ЕВРАЗИЯ

6.00 "Әскери альбом". 6.30 Т.х. "Дознатель". 8.20 П@utina. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Смак. 9.40 Х.ф. "Полцарства за любовь". 11.45 Фабрика грез. 12.10 "Әйел сыры...". 13.20 101 кеңес. 13.45. Караоке такси. 14.25 П@utina+. 15.20 Х.ф. "Дочь за отца". 20.00 "Первая программа". 20.30 X FACTOR. 22.00 Кешкі кездесу. 23.30 X FACTOR. 0.00 Т.с. "Метод".

КТК

7.05 Х.ф. "Ты - мне, я - тебе". 8.40 КТК қоржынынан. 9.20 Жүрекжарды. 10.00 Концерт. 12.00 Новости. 12.45 Наша правда. 13.40 Х.ф. "Иван Васильевич меняет профессию". 16.00 Шаншар. 17.30 ТойBestStar. 19.00 Біздің концерт. 20.00 "Әйел қырық шырақты". 21.00 Сверхъестественные. 22.00 Другая правда. 23.05 "Я стесняюсь своего тела". 1.00 Х.ф. "Новогодний киллер".

ЕВРАЗИЯ

6.00 "Әскери альбом". 6.30 "Дознатель". 8.05 П@utina. 8.30 Жаңалықтар. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Здоровье. 10.10 Х.ф. "Я подарю себе чудо". 12.00 Ән дария. 13.05 Кешкі кездесу. 14.35 X FACTOR. 16.30 Х.ф. "Если ты не со мной". 21.00 Аналитика. 22.00 П@utina+. 23.05 Ән дария. 0.10 "Метод".

КТК

7.05 М.с. 8.00 КТК қоржынынан. 9.20 Х.ф. "Свадьба". 11.30 "Судья". 15.50 Дорога домой. 16.10 КТК-да Қабатов. 17.50 ТойBestStar. 19.20 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Эксперимент. 21.00 Портрет недели. 22.30 Х.ф. "Одинажды в Новый год". 0.30 "Я стесняюсь своего тела".

27 желтоқсан, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

8.00 Концерт. 9.00 Ақсауыт. 9.30 Бүгінгі жексенбі. 11.05 М.х. 12.50 Т.х. "Жаңа қоныс". 14.00 Намыс дода. 15.10 Г. Тергеубекованың шығармашылық кеші. 17.00 "Қара шаңырақ". 18.35 Әзіл әлемі. 20.00 Апта. 21.00 Қазақстан дауысы. 23.05 К.ф. "Жалғыз рейнджер". 1.00 Апта.

ХАБАР

7.00 Тамаша. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.20 Я - чемпион. 10.50 М.ф. 12.40 Сказка "Румпельштильцхен". 13.40 Бенефис-шоу. 14.50 К.ф. "Патшайым". 17.00 К.ф. "Суық жүрек". 18.30 Қызық

times. 19.45 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Посылка". 0.10 "Жаным".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Әуендер әлемі. 8.30 М.с. 9.00 Х.ф. "Транссибирский экспресс". 11.30 Параллели. 12.00 "1001 история успеха". 12.30 Сап түзе! 13.05 Керемет ондық. 13.55. 15.10. 16.55. 17.30. 18.25. 22.30. 23.55 Телемаркет. 14.00 А. Қоразбаевтың концерті. 17.00 "Парыз". 18.00 Высота воли. 18.30 "Фаворский". 19.30 Волшебный фонарь. 20.00 Қазына. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 "Убить Сталина". 23.35 "Парыз".

АСТАНА

8.00 Концерт. 9.00 Х.ф. "Ромео и

Джульетта". 11.00 "Мадхубала". 12.30 Оливье-шоу 2011. 15.20 Х.ф. "Морозко". 17.05 "Сыртты бүтін...". 17.35 Айтыс. 18.30 "Мадхубала". 20.05 Той жыры. 20.30 "20:30". 21.20 Х.ф. "Дневники няни". 23.35 "Эфирде".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 К.ф. "Ғажайып балалық шағым". 10.05 Наше кино. 11.10 Ученый совет. 12.45 Х.ф. "Барбаросса". 14.55 Кеше ғана. 16.05 Әмір. Театр. Кино. 17.30 Кемел кеңістік. 18.00 "Байтерек". 18.45 Концерт. 20.25 Х.ф. "Арсен Люпен". 22.35 Хореограф. миниатюра. 0.30 "Миссия Х".

НТК

7.40 Караоке-киллер. 8.40 Екі езу.

9.00 М.ф. 12.40 Х.ф. "Робокоп". 15.30 М.ф. 17.30 Күлкі базар. 18.00 Караоке-киллер. 19.05 Екі езу. 19.30 Ала қарға. 20.00 Экстрасенсы ведут расследование. 21.10 Х.ф. "Бриджит Джонс: грани разумного". 23.30 Х.ф. "Охотник за пришельцами".

7 АРНА

9.00 М.ф. "Дино". 9.10 Моя история. 9.40 Измайловский парк. 12.00 ТойLike. 13.00 Қарақаттың концерті. 15.00 Х.ф. "Чародеи". 18.00 Жан сырым. 19.00 Шыдамның шеігі. 19.30 Келеңсіз кездесу. 20.00 Айна онлайн. 21.00 Один в один. 0.15 Х.ф. "Берни".

31 АРНА

6.00 Әзіл студио. 7.00 М.ф. 8.00 "Сүйген сұлу". 10.00 К.ф. "Көк сал-

қын. 12.00 "Ералаш". 12.30 М.ф. "Синдбад - легенда семи морей". 14.30 Х.ф. "Джек Ричер". 17.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 20.00 "Сүйген сұлу". 22.00 Фильм-концерт "Звездные итоги года". 00.00 Х.ф. "Монстро". 3.00 Х.ф. "Негальная студия".

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.30 Кино клуб. 10.00 Новогодний шопинг-класс. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Неизведанный Казахстан. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 21.30 РТН Подробности. 13.20 Виттаж. 14.00 Ә. Бейсеуовке арналған кеш. 16.00 Жұлдыз-топ. 17.00 "Госпожа горничная". 20.30 "7 передача". 21.00 Әмір тынысы. 22.00 Б. Исмаиловтың сән үлгілері. 0.00 Приют комедиантов.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Өмірі оның өнеге

Майдангер Телғара Әбенев 90 жаста

Өз ортасына, бала-шағасына, ағайын-туысына, соңынан ерген ұрпағына үлгі болған анамыздың бауыры, асқар таудай нағашымыз Әбенев Телғара мерейлі 90 жасқа толғалы отыр. Торқалы тоқсан жасқа толар нағашымыздың өмір жолы біз үшін өнеге. 1943 жылы бар болғаны 18 жасында Отан қорғауға аттанған ел азаматы жалындаған жастық шағын жауын-шашынның, қақаған аяздың, отқа оранған орманның ортасында өткізген. Жас та болса басына түскен қиыншылықты нағыз азамат ретінде қабылдай білген солдат екінші дүниежүзілік соғыста ауыр жарақат та алған. Нағашымыздың сұрапыл соғыстан елге аман оралуына соңынан ерген жалғыз қарындасы Бақытжамалдың тілегі себеп болған шығар.

Телғара Әбенұлы соғыстан елге аман оралғаннан кейін әскери комендатурада, Қостанай ауданында байланыс бөлімінде көп жылдар бойы қызмет етті. 1950 жылы отау құрып, жұбайы екеуі алты бала тәрбиелеп өсірген. Бұл күнде немере, шөбере сүйіп, тамырын тереңге жайған саялы бәйтерекке айналды. Нағашымыз мектеп оқушыларымен, студенттермен кездесу сәттерінде, бейбіт күннің маңыздылығын айтып отырады. Соғыс ардагері сұрапыл жылдар қасіреті туралы естеліктер айтқанда дауысы дірілдеп, толқып, терең күрсінеді. Тағдырдың сынағынан өткен нағашымыздың келбетінен ұстамдылық, көркем мінез, ерік-жігер, төзім мен шынайылықты аңғарамыз. Ол кісінің сөйлеген сөзінен өнегелі тәрбиенің самалы соғып, жүрегімізге нұр құйғандай болады. Анамыз Ұлы Отан соғысының ардагері Әбенев Телғараның қарындасымын деп мақтанса, біз жиеніміз деп мақтанамыз. Қазақта "Баланың жақсы болуы нағашыдан" деген мағыналы сөз бар. Бұл күндері ардагердің жалғыз қарындасынан туған жиендерінің бірі бала оқытып, ұстаз атанып жүрсе, енді бірі өкім қызметін атқарып жүр.

1925 жылы 17 желтоқсан күні дүниеге келген нағашымыз қазір Затобол ауылының тұрғыны. Тоқсанның төріне өнегелі өмірімен алшаң басып жетіп отыр. Анамыздың бауыры, біздің еркелеп көлер нағашымыз Телғара Әбенұлын туған күнімен шын жүрегімізбен құттықтап, аппақ көңілімізбен деніне саулық, отбасына амандық, ұрпағына бірлік пен береке тілейміз.

Анашымның аяулы ағасысың, Біз үшін бұл өмірде дара шыңсың. Жиеніңе жылы жүзбен қарайлайсың, Сондықтан арқа сүйер нағашысың. Бар жақсыны тілейміз бір басыңа, Теңейміз өзіңізді асқар шыңға. Отбасыңның шаттығы асыл-тасып, Құшақтауға келейік біз қасыңа.

Ақ тілекпен: қарындасы Бақытжамал Жүсіпбекова, жиендері: Илеуовтар, Байқадамовтар, Насыровтар, Қойшындар, Қалиевтар, Жүсіпбековтар отбасы және жиен немерелері мен шөбелері.

"Тәуелсіздік – ел тірегі!"

Міне, осындай атпен Арқалық қаласындағы "Золотой ключик" бөбекжай-балабақшасында көркемсазды мерекелік ертеңгілік болып өтті.

Балабақшамыздың барлық топтарында жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық мерекемізге тақырыптық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. "Қуыршақ" тобы балдырғандарының қатысуымен әзірленген "Тәуелсіздік – ел тірегі!" атты көркем сазды мерекелік ертеңгілікте кішкене балалар өздерінің ән-билері мен тамаша тақпақтарынан шашу шашты.

"Тәуелсіздікті қалай түсінесің?" деген сұрақтарымызға бүлдіршіндеріміз ең алдымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының рәміздері туралы айтып, жауап берді. Ал, ертеңгілікте бүлдіршіндеріміз туған жерлеріне,



Отанына, Мемлекеттік Рәміздеріне деген айрықша құрметтерін көрсетіп, жаттаған тақпақтарын, әндерін айтты. Балабақшадан мол тәлім-тәрбие алып, ұлттық өнердің нәрімен сусындап өсіп жатқан балапандарына қызыға қараған ата-аналар да мереке-

ге деген көңілдерін, ықыластарын ұлттық ойында көрсетті. Белсенді атсалысты. Алғыстарын жеткізіп, ризашылықтарын білдірді.

**А. ЖҮСІПБЕКОВА,
Ж. МӘУЛЕНОВА.**

Арқалық қаласы.

● ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Діни сауат ашу курсы ашылды

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай қалалық мешітінде діни сауат ашу курсы ашылды. Бұл игі бастама бір жағынан, діни білімге жол ашса, екіншіден, жастардың дәстүрлі емес, өзге де жат ағымдар жайлы түсінігін қалыптастырады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысының өкіл имамы Бақытбек Тәжімбет курстың екі айға созылатындығын айтты. Облыстың әр ауданынан бір топ жастар жиылды. Оларға барлық жағдай жасалған: оқу тегін, күніге үш мезгіл тамақ және түрлі оқулықтар беріледі.

Қалалық мешіттің бас имамы Шоқан қажы Әмірхан оқу бағдарламасымен таныстырып, келушілерді әдеп, білім, Ислам құндылықтары туралы біраз мәліметтермен таныстырды. Алдағы уақытта екі ай бойы мешіт жамағатын иман нұрымен сусындатып, Құран әліппесі, имандылық теорияларының алғышарттары оқытылатынын атап өтті.

– Қазақстанда діни оқу-ағарту жұмыстары енді қолға алынып келеді. Бұл сауат ашу курсы елді мекендердегі имамдарымыздың білімін арттыруға да септігін тигізеді. Араб тілінен дәріс жүргізіледі.



Мұның барлығы Алла Тағаланың асыл дінін, оның құндылығын жастарға насихаттау үшін қолға алынған. Бастама бойынша, әуелі, он адам діни курстан өтеді, – деді Шоқан қажы Әмірхан.

Шара соңында Мақсұтхан Шүленұлы ақсақал: "Мешіт қызметкерлерінің дін жолындағы атқарып жатқан бастамасына береке, облыс тұрғындарына Алла айнаымас иман, қайырлы білім нәсіп етсін!" – деп батасын берді.

Суретті түсірген Бағдат Төлебай.

Микрокредиттік ұйымдардың басшылары мен құрылтайшыларының назарына

ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы микрокредиттік ұйымдарын қайта тіркеу үшін аз ғана уақыт қалғанын хабарлайды. Қазақстан Республикасының "Микроқаржы ұйымдары туралы" Заңнамасының 31 бабының 1 тармағына сәйкес, коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдарды қоспағанда, микрокредиттік ұйымдар **2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде** Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік қайта тіркелуге жатады. Осы тармақта белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, микрокредиттік ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастырылуға не таратылуға жатады.

Коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдар **2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде** қайта ұйымдастырылуға не таратылуға жатады.

Жұмыс істеп жүрген микрокредиттік ұйымдар 2016 жылдың 1

қаңтарына дейін өз қызметінде микроқаржы ұйымдары туралы Заңның 31 бабының 4 тармағында көзделген нормаларды басшылыққа алады.

Есептік тіркеуден өту үшін, микроқаржылық ұйым өзінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалына микроқаржылық ұйымдар туралы Заңның 14 бабының 1 тармағымен көзделген құжаттарды қоса белгіленген нысандағы өтінішті ұсынады.

Практикалық көмек алу, сонымен қатар, микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеуге қатысты барлық сұрақтар бойынша, қаржы ұйымдарын бақылау және қаржылық қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімінің мамандарына келесі телефон нөмірлері бойынша хабарласа аласыздар: 8-714-2-53-27-89, 53-31-11. Мекенжайы: Қостанай қ., Баймағамбетов көшесі, 195 үй, 322-кабинет.

Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу – ҚР Ұлттық Банкімен көрсетілетін мемлекеттік қызмет болып табылатынына қосымша назар аударамыз. Аталған қызмет ҚР Үкіметінің 2015 ж. 09.02. "ҚР Үкіметінің 2013 ж. 18.09. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" №983 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" №45 қаулысымен ҚР Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілген.

ҚР Үкіметінің 2013 ж. 31.12. №1567 қаулысымен ҚР Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызмет стандарты бекітілген – "Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу".

Стандартқа сәйкес, мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалымен, сонымен қатар www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүргізіледі.

ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы.

"Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, анықтама үшін телефондар: 8 (7142) 575-071, 575-062 (факс), электрондық мекенжайы: e.porova@qostanay.gov.kz "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Облыс әкімі аппараты талдау бөлімінің бас маманы (2016 жылдың 15 шілде аралығында бала күтімі жөніндегі демалыс кезеңіне) (Д-4 санаты) лауазымдық жалқысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 71751 теңгеден 96735 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Облыс әкімі аппаратының бақылауында тұрған құжаттарды жетекшілік ететін басқармалардың, департаменттердің, комитеттердің, бөлімдердің, уақытында орындауын бақылау; қажетті бастапқы материалдарды дайындау, жүйелеу, қорыту, бекітілген істер номенклатурасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары білім. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, дүниежүзілік экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық (заңтану).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы",

"Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан–2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06/732 бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Қостанай об-

лысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санама-ланған, құжат тігілетін мұқабалда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде, олардың әңгімелесуге жіберілуі туралы хабарлау сәтінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** өтеді.

Конкурстың комиссиясы жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстың комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мемлекеттік депутаттарының, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурстың комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесуді өткізудің басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей Қостанай облысы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөлімінде тіркеледі. Тіркеу үшін тұлға Қостанай облысы әкімі аппаратының кадрлармен жұмыс бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын орын-жайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз-20!

21 желтоқсан күні баламыз – **Дидар Айбекқызы ЫБЫРАЕВА** 20 жасқа толды. Туған күнің – төл мерекең, қуанышың. Біз сені осы мерекеңмен құттықтаймыз! Бақытты бол! Жүзіңе шаттық пен күлкі үйіріліп, көл бетіне өрнек салған аққудай бақыт бесігінде қуанышты серік етіп, тербеле бер. Өмірдің бар жақсылығын тілейміз!

Көктемнің күлімдеген күні болшы, Өмірдің шешек атқан гүлі болшы, Қуанышты, көңілді өмір сүріп, Өмірде ең бақытты жандардың бірі болшы!

Құттықтаушылар:
ата-анасы, бауырлары.



Бәйтерегім – тірегім еді...

"...Жақсы қасиет нағашыдан жұғады"

Халық үшін жаралған жанға алыс-жақынның бәрі бірдей. Желтоқсанның 23-ші жұлдызында 56-ға толатын азаматтың асылы, шуағы түгіл көлеңкесінің өзі күн шапағындай көпке төгілетін – нағашым Бақытжан Мағзұмұлының адамгершілігі көпке аян. Жылда оның отбасында мәре-сәре болып арқа-жарқа тойлайтын біз, биыл қалайша?... "Қалайшадан" кейінгі көп нүкте көңіл өксігі, аңсауы. Әйтсе де, Сенің есімің "Ойып жаздым атыңды, Күн бетіне Кавказдың!" – деп, Шота Руставели айтқандай, өзіңнің шапағатыңды көріп, қайырыңнан нәр алған барша ағайынның көкірегіне ойып жазылғаны анық.

Соның бірі – біз, Досымбаевтар әулеті Төленяз Әлиұлы балалары. Әкеміз бен анамыздан ерте айрылған біз сегізіміз нағашымның арқасында алдымыз немере сүюге де жарап қалдық. Өз балаларынан бір мысқал да кем тұтпай өсіріп, бізді жұбайы Нәзираш Сардарбек қызы екеуі әрқайсысымызға енші беріп, отау тіктірді. Кешегі ел алаң болған 90-шы жылдардан бастап өз көшінен қалдырмай ертіп жүріп бір-бір үй қылды.

Бірде-бір қазақ қоныстанбаған Кировка ауылын қазір жайлап отырған армян Андрей Новосардян отбасынан бастап Ақкөл, Шили, Бестау қазақтары нағашыммен ере келіп, оның қолдауымен бүтін бір ел болды. Сен жасаған ауыл мектебіне демеушілік, оқушыларға арнап салдырған автобус аялдмасы, ауыл асханасы т.б. ел қажетіне жараған игілікті істер мен қайырымдылықтар Ардақты нағашы, сенің артыңа қалдырған үлгі-өнеген. Оны ел – күні кеше орны толмайтын Сенің ауыр қазаңның жаназасында көрсетті.

Сен атқарған азаматшылық ар ісіңнің бөрінен де, өзіңмен қоса жүретін жеңгем Нәзираштың маған және бүкіл ағайынға жасайтын ибалы қызметі, тәрбиесі. Сен салған жолдың жалғасындай, Көке! Жаның жайсаң Сенің иманың көркем, топырағың жеңіл екені шүбәсіз, өйткені, Сен көп батасымен ғұмыр кешкен дара жанның бірісің! Аумин!

..Биікте едің ала алмас қанат тыным, Мерт болдың-ау таппай-ақ тағат шыңын. Бүгін қайта көтердім есіміңді, Өзімнің сезіп, қорғансыз қалғанымды. Көңілге жылу сепкенсің, Өшпейді бейнең пәк сенің. Өзіңді сүйдік бәріміз, Бізді де сүйген өзіңдей!

Қарындасың Әсел Төленязқызы Досымбаева.
Федоров селосы.

Қостанай облысы МАЭС 15.12.2015 ж. ұйғаруымен «Компания Ерлан» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. БИН 000840000404. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭС Костанайской области от 15.12.2015 г. возбуждено гражданское дело по заявлению ТОО «Компания Ерлан» о применении реабилитационной процедуры. БИН 000840000404. Обращаться по адресу г.Костанай, ул. Байтурсынова, 70.

● ОҚИҒА

Есірткіні сөмкелеп тасыған...

Қостанайлық полицейлер 37 келі марихуана мен 18 келі гашишті тәркіледі. Есірткіні мұндай ірі партиясын облысқа Жамбыл облысының екі тұрғыны әкелген. Күдіктілер Лисаков қаласында қолға түсті.

15 желтоқсан күні ОІД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының қызметкерлері жедел-ізвестіру шарасының барысында қалада екі жолаушысы бар таксиді тоқтатты. Көлікті тінту кезінде полицейлер скотчпен оралған екі сөмкені ашып қараған еді, олардың ішінен есірткі заты табылды. Сараптама есірткіні марихуана мен гашиш екенін көрсетіп берді. Тергеу шарасының барысында күдіктілердің Рудный қаласында тұрып жатқан бұрын сотталған жұмыссыз азаматтар екені белгілі болды. Аталмыш факті бойынша қылмыстық іс қозғалып, соталды тергеуі жүргізілуде.



Жүргіншіні соғып кетті

Мереке күндері облыста бір жол-көлік оқиғасы болды.

15 желтоқсан күні "Алматы-Екатеринбург" автомобиль жолының 2097 шақырымында Станционное селосына жақын жерде "Киа-Спортейдж" автокөлігінің жүргізушісі қараңғыда жолды белгіленбеген жерден кесіп өтпек болған жүргіншіні байқамай қалып, соғып кетті. Жүргінші әйел ауыр жарақат алып, ауруханаға түсті.

Облыста өткен "Құқық тәртібі" жедел-алдын алу шарасының барысында полицейлер қозғалыс қауіпсіздігіне баса назар аударды. Полицейлер жылдамдықты шамадан тыс асырудың 28 фактісін, қозғалыстың қарсы бетіне шығып кетудің 1 фактісін анықтады. 29 жүргізуші көлік жүргізіп келе жатып ұялы телефонмен сөйлескені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Операция өткен бір күнде мас болып көлік жүргізген 23 жүргізуші ұсталды.

Асыл сөзді іздесең...

• КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК



**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Қостанай құрылыс колледжінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына арналған бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Биыл аты аталған техникалық және кәсіптік білім беру мекемесі «Абай оқулары» байқауын тұңғыш рет өткізді. Колледж директоры Арман Шәмшин шараның маңыздылығына тоқталды.

– Әдебиет сүйер қауым үшін, біз үшін, жанымызға жақын бір есім бар. Ол – Абай. Қазақтың бас ақыны туралы сөз болғанда ойы-

мызды жүйелеп, сөзімізді салмақтап, саралап аламыз. Абай шығармашылығы жастардың білімді, отансүйгіш болып өсуіне ерекше әсер етеді. Әркімнің де рухани әлемін байытып, ой-өрістерін кеңейтеді. Студенттер ұлы ақынның туындыларын жете білуі қажет деп ойлаймын. «Абай оқулары» байқауы студенттердің ақындық қасиетін, жыр жаттау қабілетін, сонымен қатар дауыс шеберліктерін шыңдай түседі, – деді Арман Жақанұлы.

«Абай оқулары» сахналанған көрініспен басталды. Бала Абайдың ғылым-білімге деген ізденісін, әдебиетке деген тал-

пынысын колледж студенттері шебер бейнеледі.

Бірінші кезең – «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы». Мұнда қатысушылар Абайдың қара сөздерінің мағынасын ашып, өлеңдерін жатқа оқыды. Әділқазылар Ғалымжан Орынбаев пен Дина Нұрғалиеваның орындау шеберлігін жақсы бағалады. «Көңілім әнді ұғады» аталымы бойынша облысымызға танымал жас әнші Мәдина Жазықбаева бірінші орынға ие болды. Сондай-ақ, Әділ Жақыпов та Абай әндерін нақышына келтіре орындады. Үшінші кезеңде студенттердің ақындығы бағаланды. Олар авторлық өлеңдерінде ұйқас сақтауға жоғары мән беріпті. Жас ақындардың ішінде өз өлеңдерін мәнерлеп оқыған Ақжол Балтабаев пен Жамбыл Қожановтар көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Қостанай құрылыс колледжінде студенттердің қалалық және оқу орны ішінде ұйымдастырылған мәдени шараларға қатысып, өз мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалануға ерекше көңіл бөлініп келеді. Ұлы ойшылдың асыл сөздерін жас ұрпақ санасына сіңіру үшін «Абай оқулары» байқауын жыл сайын өткізу жоспарда бар дейді колледж директоры.



Сегіз жыл күткен жеңіс!

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Облыста қамқөңіл жандарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға шақырып, олардың қабілетіне қарай спорт түрлерімен айналысуына жағдай жасау қолға алынған. Осылайша мүмкіндігі шектеулі жандар қандай да бір кәсіппен айналысып, алдарына мақсат-мүдде қояды.

Қостанайда есту қабілеті нашар және естімейтін балаларға арналған спорт мектебі бар. Оқу бағдарламасына бірінші сыныптан бастап шағын-футбол сабағы қосылған. Мектеп жанынан құрылған футбол командасы жақында есту қабілеті төмен спортшылардың арасында өткен ҚР чемпионатының жеңімпазы атанды.

Бұл біріншілікке Қазақстанның барлық облыстарынан іріктелген он бір құрама қатысты. Доп додасына түскендердің арасындағы ең жас команда – Қостанай облысы. Жерлестер бұған дейін Қырғызстанда өткен шағын футбол жарысынан олжалы оралған-ды. Дегенмен, барлық күшті ҚР чемпионатына салдық дейді ойыншылар. Себебі, дәстүрлі біріншіліктің алтыны, осымен сегізінші жыл бұйырмай келеді.

Қостанайлықтар алғашқы ойында Атырау құрамасын 13:0 есебімен ойсырата ұтты. Ал екінші кездесуде жетісулық ұжымның қақпасына жауапсыз он доп соқты. Жартылай финалда Семейден келген спортшылар да қостанайлықтардан өз қақпаларына жеті гол жіберіп алды. Екінші топтан үздік шыққан «Қарағанды» командасы жартылай сында Алматы облысын жеңді. Сөйтіп, үздікті анықтау үшін Қостанай мен Қарағанды облыстары кездесті.

Ойын ширақ басталды. Жергілікті команданың шабуылшысы Андрей Данин есеп ашса, артынша кеншілер қаласының спортшылары теңестіріп кетті. Бірақ, қостанайлық Руслан Шыңғысбек бірден төрт гол соғып (покер), сегіз жыл күткен жеңісті алып келді. Нәтижесінде, Руслан турнирдің үздік ойыншысы атанды. Оның өнеріне қазақ футболының ардагері Вахид Масудов жоғары баға берді.

– Жігері жасымаған қайсар жандардың алдағы уақытта да тамаша табыстарға жететініне сеніміміз зор. Сондықтан өз тарапымыздан қолдан келген жағдайдың бәрін жасап, олардың шеберліктерін шыңдай беруді жалғастыра бермекпіз. Мемлекет басшысы да халықтың отыз пайызын бұқаралық спортқа тарту керектігі жайлы да ұдайы айтып келеді емес пе, – деді спорт жанашыры Құсайын Кәткенов.

Осы чемпионатта нәтижелі ойын өрнегін көрсеткен тобылдық бес ойыншыға «ҚР спорт шебері» атағы берілді. Олар Қазақстанның шағын футбол құрама командасына шақырту алды.

• ТӘУЕЛСІЗДІК – ТУЫМЫЗ

110 жыл жасаған жүрек

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ**

Бидамал Бектепбергенова әжеміз – Тасты ауылдық округінде тұрады. 1905 жылы туған. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 110 жасқа келді. Бұл кісі жастайынан бейнетті басынан кешірген үш заманның куәгері. Әжей ақ патша дәуірін, кеңестік-коммунистік кезеңді және Тәуелсіздік заманын басынан кешірген кейуана! Жалғыз ұлы Аяпберген Нұранов ерте қайтыс болып кетті. Ол «Тасты» совхозында жұмыс істеген еді. Бүгінде әжей сол Аяпбергеннің баласы, өзінің немересі Серік Нұрановтың қолында өмір сүріп жатыр. Келіні Дүйсенкүл Ошақбайқызы – Үрпек ауылының перзенті. Осы ауылдың белгілі ақсақалы Ошекеңнің баласы. Серік пен Дүйсенкүл әжейді алақандарына салып, аялап бағуда.

Бидамал әжей Серік пен Дүйсенкүлден 5 шөбере сүйіп

отыр. Осы 5 баланың үлкені Дулат, одан соң Дәурен, Азамат, Зәуре мен Сәуле. Азамат – Астана қаласындағы теміржол колледжін бітіріп, осы салада жұмыс жасауда. Қалған балалары да өмірден өз орындарын алған.

Бидамал әжей өміріне риза. – Жалғыз ұлым Аяпберген дүниеден ерте өткенімен оның балалары мені ешкімнен кем қылмай бағып-қағып отыр. Алланың бұл бергеніне де мың шүкір! Ата-бабам армандаған Тәуелсіздікті мен 86 жасымда көріп, содан бері оның жемісін жеудемін. Ғұмырды құдай береді деген ғой. Осы рас шығар деп ойлаймын. Әйтпесе, менің көрген бейнетім аз емес. Бала жасымнан аш-жалаңаштықты көрдім. Одан Совет үкіметі орнаған соң тағы да бейнеттен бас көтермедім. Бар рахатты Тәуелсіздігімізді алғаннан соң көріп отырмын. Алла тағала Қазақстанымызға және қазақ халқына, Елбасымызға бақытты, баянды жетістіктер берсін!



Халқымыз әлемдегі дамыған 30 ел түгілі 10 елдің қатарында болсын! – деп тілеймін. Оған жеріміздің байлығы жеткізері анық. Жер бетінде қазақтай мейірбан, ақкөңіл халық аз болар. Менің бар тілегім – халқымның әлемдік деңгейдегі алып мемлекет құруы! Бұған есі бар адам күлуге тиіс емес. Біздің жеріміз қандай алып болса – еліміз де сондай алып. Демек, алпауыт мемлекет боламыз деуге құқымыз бар. Алла тағала халқымызға ұлы мемлекет болуды нәсіп етсін! – дейді Бидамал Бектепбергенқызы.

Ауданымыз бойынша ең ұзақ жасап отырған әжейге барша аманкелділіктердің тілері – зор денсаулық пен бақытты өмір!

СУРЕТТЕ: Бидамал Бектепбергенқызы.

Меншік иесі:

**“Қостанай тағы” газеті
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

**110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90**

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.